

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы**



PIRLS бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалау

Әдістемелік құрал

Астана 2013

УДК 373
ББК 74. 202.5
0-93

0-93 PIRLS - бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді түсіну және оқу сапасын бағалау Әдістемелік құрал - Астана: ҰББСБО, 2013, 168 бет.

ISBN 978-601-7080-80-8

Әдістемелік құралда мәтінді түсіну және оқу сауаттылығының сапасы бойынша PIRLS халықаралық зерттеуі жайында маңызды мәліметтер берілген. Сонымен қатар алдыңғы кезеңдердегі тест тапсырмалары мен сауалнама сұрақтары ұсынылады.

Бұл әдістемелік құрал PIRLS – 2016 халықаралық зерттеуіне нәтижелі дайындық жүргізу мақсатында кең көлемді педагог қауымына арналады.

Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен қаралып басылымға ұсынылды (хаттама № 6, 22 шілде 2013 жыл)

ISBN 978-601-7080-80-8

УДК 373
ББК 74. 202.5

Әдістемелік құрал – ҰББСБО-ның меншігі.
ҰББСБО-ның рұқсатынсыз қандай мақсатта болсын, толық не жеке парақтарының көшірмесін жасауға болмайды.

© Редакциялық қызмет

НЦОСО, 2013

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1. PIRLS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ	6
1.1 Зерттеу жүргізудің стандарты және тәртібі	8
1.2. Зерттеу құралдарының сипаты	10
1.3 Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылық деңгейі	13
1.4. Нәтижелер қалай бағаланады	15
1.5. PIRLS зерттеуінің кезеңдердегі халықаралық рейтингі	16
2. PIRLS ЗЕРТТЕУІНІҢ САУАЛНАМАЛАРЫ	20
2.1. Мектеп әкімшілігіне арналған сауалнама	20
2.2. Мұғалімдерге арналған сауалнама	35
2.3. Оқушыларға арналған сауалнама	56
2.4. Ата-аналарға арналған сауалнама	70
3. PIRLS ЗЕРТТЕУІНІҢ ТАПСЫРМА МЫСАЛДАРЫ	82
3.1. Таңғажайып түн	83
3.2. Антарктида: Мұзды құрлық.Антрактидамен танысу	88
3.3. Төңкерілген тышқандар	92
3.4. Азық іздеу барысында	96
3.5. Саз балшық түйіршігі	102
3.6. Алып тіс құпиясы	108
3.7. Ұш, бүркіт, ұш	115
3.8. Дұшпанға арналған бәліш	120
3.9. Қоян жер сілкінісі туралы ескертті	126
3.10. Тупиктердің түндері	131
4. Қосымша	
4.1 Оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалардың жауаптар үлгісі	136

КІРІСПЕ

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңарту ең алдымен білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз етуді меңзейді. Алайда, білім беру үдерісінің нәтижелілігі білім алушылардың білім алудағы жетістіктерін сырттай және іштей бағалау қорытындыларын басқару жүйесін кәсіби тиімді түрде құруға тікелей тәуелді.

Оқушылардың білім жетістіктерін ұлттық емтихандар ғана емес, сонымен қатар елге тәуелсіз оқушылардың білім жетістіктерін халықаралық салыстырмалы мониторингтік зерттеуі қатар анықтайды.

Қазақстанның осы зерттеуге қатысуы біріншіден, білім беру сапасының заманауи талаптарына сәйкес ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру. Бұл ретте алынған халықаралық баға басқарудың стратегиялық маңызды аспектісі.

Қазіргі таңда Қазақстанның 4 және 8 сынып оқушыларының салыстырмалы халықаралық TIMSS - 2007, 2011 зерттеуіне қатысуда математикалық-жаратылыстану дайындықтары бойынша сапалы тәжірибесі бар. Қазақстанның орта білім беру ұйымдарының 15 жастағы білім алушылары PISA – 2009 зерттеуінде ғылыми-жаратылыстану, математикалық сауаттылық және оқу сауаттылығы бойынша төмен деңгейді көрсетті.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында қазақстандық оқушылардың халықаралық «Мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалау» (PIRLS - Progress in International Reading Literacy Study) зерттеуіне қатысу жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі мен Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық (IEA) арасында 2012 жылдың 31 қазанында, білім беру

аясында қазақстандық бастауыш мектептің төртінші сынып оқушыларының PIRLS – 2016 зерттеуіне қатысуы туралы ынтымақтастық Келісіміне қол қойылды.

Бұл бірегей зерттеу еліміздің балалар тәрбиесінде қарапайым оқу мәдениеті мен дағдыларының қаншалықты деңгейде екенін анықтауға бағытталады.

Әлемдік контексте оқу сауаттылығы заманауи қоғамдағы өмірге деген дайындықтың маңызды бөлігі ретінде қарастырылады.

Бастауыш мектептен бастап балаларды оқытудағы негізгі жетістіктердің бірі ол - оқушылардың ақпараттық біліктілігі қалыптасады. Өйткені бастауыш мектепте алған сапалы білім ары қарай оқудың іргетасы болып табылады. Оқушылардың оқу сауаттылығының қалыптасуына барынша мүмкіндік туғызу үшін заманауи мұғалімнен оқу қызметінің формасын, әдіс-тәсілдерін тауып қолдану талап етіледі.

Бастауыш мектеп мұғаліміне кіші сынып оқушыларының мәтінмен жұмыс істеу шеберлігінің негізін салу яғни, ақпарат дерекнамасын білу, қызықтырған сұрақтарға жауап іздей алу, таңдалып алынған мәліметтерді сауатты көркемдеу мен ұсыну маңызды.

Білім алу мен әртүрлі ақпарат дерекнамасымен жұмыс істеу балалардың ақпаратты дұрыс қабылдап, оның сапасын бағалауға және жасырын мағынасын түсініп, үйренуге көмектеседі.

Оқушының оқу сауаттылығына байланысты дағдысын қалыптастыру, тәрбиелік іс-шаралар және қосымша білім беру сияқты оқу компоненттерінің тығыз байланысы кезінде жоғары жетістіктерге жетеді. Сонымен қатар, отбасылық оқу мәдениетін дамыту барысында ата-аналар қауымымен жұмыс жүргізу де маңызды.

Қазақстандық оқушыларды халықаралық салыстырмалы PIRLS – 2016 зерттеуіне мақсатты бағыттауға әлі уақыт бар. Бастауыш сынып оқушыларының 4 сынып соңында орта және жоғары буында білім алудағы

табысты үрдіс үшін оқу-ақпараттық білімін қалыптастыруда біріккен, мақсатты бағытталған аса маңызды жұмыс қажет.

Қазақстандық мектептердің алғаш рет халықаралық мәтінді оқу және түсіну сапасы емтиханына қатысуы қазақстандық балалар мен жастардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың мақсатты бағытталған механизмдердің бірі болып табылады.

1. PIRLS халықаралық зерттеуі

Оқу сауаттылығын бағалайтын Халықаралық салыстырмалы **PIRLS** - Progress in International Reading Literacy Study зерттеуін - Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау IEA (International Association for the Evaluation of Educational Achievement) бағдарламасы жүзеге асырады.

Зерттеу жобасын жүргізу және оның материалдарын құрастыруға әлемнің көптеген ғылыми-зерттеу орталықтары: Білім беру саласындағы тестілеу қызметтері (АҚШ), Канадалық Статистика Орталығы (Statistics Canada), Халықаралық білім жетістіктерін бағалау жөніндегі қауымдастық мәліметтерін өңдеу орталығы (Германия), Халықаралық орталық – Бостон колледжі (АҚШ) қатысады. Бұндай мекемелердің қатысуы мектеп оқушыларының оқу жетістігін бағалаудағы педагогикалық өлшеуді эксперименттік және апробациялық халықаралық стандарттар негізінде **PIRLS** зерттеу жұмысын жоғары сапада ұйымдастыруға және өткізуге жол ашады.

PIRLS зерттеуінің мақсаты әртүрлі әлем елдерінің бастауыш сыныптарының мәтінді түсіну деңгейлерін сәйкестендіру және ұлттық білім жүйесінің оқу сауаттылығын ашудағы ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Аталмыш зерттеу ісінің халықаралық сарапшылар ойына келісе отырып, «Оқырман сауаттылығы» - бұл адамның өмірде толыққанды қалыптасуына және жеке мақсаттарына жетуіне қажетті әр түрлі жазба сөйлеу формасын түсіну және терең ойлау қабілеті. Соның негізінде адамзат және қоғам үшін білім саясатында басты принцип қалыптастырады.

PIRLS зерттеуі мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

- ✓ Білім беру саласында әлемдік басымдылықтарда көрініс тапқан құралдар негізінде алынған нәтижелердің талдауы нақты өлшеуіштермен белгіленуі;
- ✓ Білім беру жүйесінің салыстырмалы бағасы және олардың тиімділігі;
- ✓ Зерттеу қорытындысына әсер ететін контекстегі дәйектемелерді анықтау;
- ✓ Ғылыми дәлелденген әлемдік ақпараттық қауымдастықтың мәліметтерін алу;
- ✓ Тәуелсіз елдер нәтижесін, сонымен қатар білім саясатын жақсарту нұсқауын зерттеуге қатысушыларға ұсыну;

Зерттеу нысаны бастауыш сынып бітірушілерінің оқу жетістіктерін анықтайды, себебі оқытудың алғашқы 4 жылы нақты барлық білімді және үйрену қабілеттерін шыңдаудың негізі. Мазмұны және формат бойынша білімді табысты жалғастыруда негізгі мектепте әртүрлі мәтіндерді қолдану үшін осы уақыт арасында қатысушылар оқып үйрену керек.

Зерттеу ісі **бес жылда бір рет** өткізіледі және қазіргі уақытқа дейін үш цикл өтті - 2001, 2006 және 2011 жылдар. PIRLS зерттеуіне әлемнің 40-тан астам елдерді қатысуы зерттеуде мамандандырылған ұйым деңгейінде жоғары методологиялық және техникалық қамтамасыз етеді.

Көрсеткіштер мағынасын түсіндірудің жан-жақтылығы және сенімділігі алынған істің жедел жиынтығының және өңдеуінің жарыққа шығуына көмектеседі.

Негізгісіне дейін 1 жылдың ішінде өткізілген зерттеу ісінің аса қажетті шарты PIRLS зерттеуіне қатысу болып табылады. Сонымен қатар қатысушы елдерге тестілеу тәртібінің тиімділігін тексеру мүмкіндігі туады және халықаралық сарапшыларға тест тапсырмаларының сапасы және олардың мазмұны білім жүйесіне үйлесімділігі жайында сараптама дайындауға

жәрдемдеседі. Зерттеу негізінде алдын ала жасалған жұмыстың нәтижесінде әлемдік оқу бағдарламасына сәйкес нақты тапсырмалар қосылады.

PIRLS зерттеу ісіне қатысушыларының сапалы таңдауы халықаралық координациялық орталық жоспарына сәйкес өткізіледі. Аумағы үлкен елдер әкімшілік бөлініске қатысты страттарға бөлінеді. Жергілікті іріктеуді жүргізу үшін, әрбір аймақтан зерттеуге қатысатын оқушылардың жалпы саны туралы мәліметтер жинақталады.

Аймақтар мен мектептердің жиынтық тізімдерінде оқушылардың сандары көрсетіледі. 2014 жылы апробацияға шамамен қатысушы елдерден 25 мектеп 800-дей 4-сынып оқушылары қатысу жоспарланып отыр.

Негізгі тестілеуге қатысушыларды іріктеу бірнеше кезеңдерден тұрады.

Қатысушы елдердің Ұлттық үйлестірушілері бастауыш мектеп тізімдерін Халықаралық координациялық орталыққа бағыттайды (қалалық, аудандық, ауылдық). Арнайы бағдарлама көмегімен «кездейсоқ іріктеу әдісін» пайдаланып, әр елден 150 жуық мектеп таңдалынады.

Содан соң, зерттеуге қатысу негізіндегі халықаралық сарапшылар іріктеуі, сынып журналын қадағалай отырып 4-сынып оқушыларының тізімін Ұлттық үйлестірушіге жібереді.

4-сынып оқушыларының тізімі арнайы WinW3S базасына енгізіліп, Халықаралық координациялық орталыққа жіберіледі. 4-сынып оқушыларының жалпы есебі бойынша шамамен 4000 оқушыдан зерттеуге қатысушылардың ұлттық іріктеуі қалыптастырылады.

1.1.Зерттеу жүргізудің стандарты және тәртібі

PIRLS зерттеуі жобаға қатысушы барлық елдерде зерттеуді өткізу технологиясының стандарттары бірдей сақталуы үшін координациялық орталықпен дайындалған бірыңғай нұсқаулықтар мен ережелерге сәйкес қатаң түрде жүргізіледі.

Халықаралық сарапшылар зерттеудің әрбір кезеңін (іріктеуді жүргізу, құралдарын аудару мен бейімдендіру, тестілеу мен сауалнаманы жүргізу, тексеру мен мәліметтерді өңдеу) бақылайды. Мысалы, ел ішінде өткізілген тест тапсырмаларының аудармасы, респонденттер сауалнамасы қосымша тексеріліс ретінде халықаралық сарапшыларға жолданылады.

Әр аймақтағы ұлттық координатор облыстық білім Басқармасының координаторымен ұйымға жауапкершілік және зерттеуді жүргізу туралы келіседі. Іріктеу барысында әр мектепте зерттеуге жауапты мектеп үйлестірушісі тағайындалады. Мектеп үйлестірушісі зерттеуге қатысатын сыныпта сабақ жүргізбейтін тәжірибиелі маман-педогогтардан таңдап алынады.

Білім беру ұйымдарында зерттеуді өткізу уақытында Бақылаушы өкіл қатысады. Қатысушы елдердің тәуелсіз мамандары санынан олар білім жетістіктеріне байланысты халықаралық ассоциацияда тағайындалады (IEA). Қазақстанда тағайындалған бақылаушы өкіл қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жақсы меңгерген тұлға білуі тиіс.

Зерттеуді жүргізгеніне байланысты арнайы Басқарушының жасаған жұмысымен үйлесімде Халықаралық бақылау өкілі өзінің қатысуына нақты мектеп санын таңдап алады. Сонымен бірге зерттеудің алынған жалпы қортындысы қамтылады.

Зерттеу жүргізудің рәсімдері

- Әр мектепке, сыныпқа, оқушыға халықаралық жеке коды (қатысушының ID-і), дербестендірілген нөмір нұсқасы, қатысушының мәртебесі беріледі.
- Алынған мәліметті нақтылау мақсатында тестілеу басталмай 1 сағатта мектеп үйлестірушісі жабық пакетті ашып, тест жүргізуші Тұлғаға береді.
- Тест жүргізуде пайда болған барлық сұрақтар, техникалық үзілістер, зерттеу тәртіптері арнайы Хаттамада тіркеледі.
- Бағалау тәртібіндегі қабылданған қатысу ережелері қадағаланады (сұрақтарды талқылау, мұғалімнің көмегі т.б)

- Тестілеу жұмысы аяқталған соң тест жүргізуші Тұлға мектеп үйлестірушісіне зерттеуге қатысушылардың жауаптарымен жұмыс дәптерлерін, респонденттер сауалнамасын береді.
- Егер белгілі себептермен жалпы тестілеуге қатысушылардың 90% кем қатысса, қосымша тестілеу жүргізіледі.

1.2. Зерттеу құралдарының сипаты

Халықаралық PIRLS зерттеу құралдарына кіреді:

- Тест тапсырмалары бар дәптерлер;
- Оқушыға арналған сауалнама;
- Мұғалімге арналған сауалнама;
- Ата-аналарға арналған сауалнама;
- Мектеп әкімшілігіне арналған сауалнама;
- Ұлттық бақылаушы өкіліне арналған нұсқаулық;
- Облыстық үйлестірушіге арналған нұсқаулық;
- Мектеп үйлестірушісіне арналған нұсқаулық;
- Зерттеуді өткізу туралы нұсқаулық;
- Тапсырмаларды бағалау бойынша нұсқаулық.

Әрбір оқушыға **екі мәтін және сол мәтіндерге арналған тапсырмалары** бар дәптер ұсынылады. Бірінші – көркем әдеби мәтін – әдетте қызықты оқиғалар, баяндаулар немесе ертегілер, екінші – ақпараттық (көбіне жануарлар жайлы әңгімелер). Кейде мәтін қандай да бір фирманың буклетінен алынған жарнама түрінде берілуі мүмкін. Мысалы, велосипедті жалға беру бойынша орталық жарнамасы. Әрбір мәтінге шамамен 12-15 тапсырма беріледі. Оқушыларға барлық тапсырмаларды орындауға **80 минут беріледі (екі рет 40 минуттан үзілісімен)**

Тапсырмалардың екі түрі бар – ашық және жабық. Бұл тапсырмалар оқушылардың оқыған мәтінін түсіну деңгейі мен сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

- ✓ Әдеби оқу тәжірибесін игеру;
- ✓ Ақпаратты меңгеру және қолдану (1кесте).

1 кесте. PIRLS-2011 тапсырмасы /оқу мақсаты

Оқу мақсаты	Тапсырмалар саны		
	барлығы	таңдау жауабы	еркін құрастырма жауабы
Әдеби оқу тәжірибесін игеру	72	40	32
Ақпаратты меңгеру және қолдану	63	34	29
Барлығы	135	74	61

Оқырман сауаттылығының негізі мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Бұл оқушылар шығармадан қажетті ақпарат алуына, нақты мәтіннен қортынды шығаруына, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін интерпретациялауға, мәтін үлгісімен бекітуге және мәтін құрылымының бастапқы сараптамасын алуға көмектеседі (2 кесте).

2 кесте. PIRLS-2011 тапсырмасы / оқу мүмкіндігінің тобы

Оқу мүмкіндігі	Тапсырмалар саны			
	%	барлығы	таңдау жауабы	еркін құрастырма жауап
Ақпаратты «анық» берілген тапсырмадан табу	25	33	21	12
Қортындыларды қалыптастыру	34	46	33	13
Ақпаратты интерпретациялау және хабарлау	28	38	10	28
Мәтіннің құрылымы, тілдік ерекшелігі, мазмұнының сараптамасы мен бағасы	13	18	10	8
Барлығы	100	135	74	61

Халықаралық тесттің берген нәтижелеріне сенімділік арттыру үшін статистикалық қайта өңдеу үрдісінде төрт топ біріктіріліп екі үлкен бағанға бөлінеді:

1. Ақпаратты таба білу және тікелей қарапайым қортындыларды қалыптастыру тобы.

2. Мәтін хабарлама бөліктеріне ықпалдай алу, тікелей байланыс орнатып, мәтіннің жалпы идеясымен үйлесімде оларды интерпретациялау.

PIRLS зерттеуі мониторингтік және міндеттерінің бірі оқу сапасын салыстыру болғандықтан, зерттеудің алдыңғы кезеңдеріндегі мәтіндер мен тапсырмалар қайталанып отырады. PIRLS-2006 жылы қолданылған 3 көркем әдеби және 3 ғылыми-белгілі мәтіндер 2011 жылы қолданылды.

Зерттеу ісінің алдыңғы сараптамасы екі оқу түрін үйренуде елдер әртүрлі нәтижелерді иемденгенін көрсетті.

Байқалған ерекшелік халықаралық сарапшылар пікірінше әр елдегі ұлттық оқулықтар қолданысында оқып үйрету бағдарламасындағы әртүрлі дәйектермен түсіндіріледі.

Нәтижелер әдебиетті оқытудағы мұғалімдердің әртүрлі оқыту технологиясының тиімділігіне байланысты. Орта мектепте, отбасындағы оқу мәдениетінің деңгейі халықаралық рейтингте әлемнің ең оқымысты елдерінің қатарына қосылуда үлкен рөл атқарады.

Оқушыларға арналған сауалнама. Сауалнама оқушылардың отбасы мен мектебі туралы мәліметтер алуға арналған. Барлығынан бұрын, оқушының отбасы туралы болады. Оқушының үйіндегі кітаптарының саны, отбасы иеленетін ресурстары жайында, мектеп ісіне қатысты ата-анасымен әңгімесі және компьютерді қолдана білуі бойынша сұрақтарға жауап береді. Сонымен қатар тестілеу баланың оқуға қызығушылығының себептерін де анықтайды. Сауалнама сұрақтарының жартысынан басым бөлігі бала оқитын мектептегі оқу үрдісін ұйымдастыруға байланысты. Бала сол мектепте қаншалықты өзін жайлы сезінеді.

Мұғалімге арналған сауалнама. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған сауалнамада, өздері сабақ беретін мектептің ерекшеліктері туралы, сондай-ақ жалпы қызметтері мен жеке тестіленуші сыныппен жұмысының кейбір аспектілері жайлы мәліметтерді алуға мүмкіндік береді. Сұрақтардың басым бөлігі тестіленуші сыныптағы оқуға үйретуге арналған:

- оқушыларды ұйымдастыру жұмыстарының түрлері;

- оқыту жүргізілетін оқулықтар;
- әдістемелік оқу құралдарына, оқыту технологиясын қолдану;
- әртүрлері мәтіндермен жұмыс;
- мәтінді түсіну біліктілігі мен стратегияларын жетілдіруге бағытталған қызмет түрі;
- сабақта компьютерлерді және сынып кітапханасындағы оқулықтарды қолдану;
- үй жұмыстарына және оқу бойынша оқу жетістіктерін бағалау;
- Бастауыш сыныпта оқуды үйретуге педагогтардың кәсіби шеберлігін дамытуға байланысты біліктілікті арттыру;

Ата-аналарға арналған сауалнама. Мазмұны өзінше ерекше. Барлығынан бұрын, жалпы ақпараттан басқа, ата-аналар қоғамының өз баласына оқу мәдениеті арқылы тәрбие беру маңыздылығына арналған.

Сауалнама баланың мектепке дейінгі дайындығы, балабақшаға баруы, жалпы мектепке дайындығы және білім беріп отырған мектепке қанағаттануы жайлы сұрақтарды қамтиды.

Мектеп әкімшілігіне арналған сауалнама. Сауалнама, мектеп сипаттамасы жайлы, оның қоры, мектеп қызметіне ата-аналардың қатысуы, мектептегі қарым-қатынас, мұғалімдер мен әкімшілік қызметі, сонымен қоса оқуға үйретудегі ерекшеліктер жайлы мәліметтерді алуға бағытталған.

1.3 Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылық деңгейі

Зерттеуге қатысушылардың оқу жетістіктерін бағалауда оқушының нақты оқи білу мүмкіндігі деңгейін анықтау халықаралық сарапшылармен қабылданған талап бойынша жүргізіледі.

Бұл деңгейлер қатысушының зерттеуде берілген мәтінімен сипатталады. Нақты деңгей өлшемдері балалардың нәтижелерін жеке топтарға бөлуге көмектеседі, нақты деңгейді сипаттайтын тапсырмалар көмегімен оқырмандық сауаттылыққа дайындауды суреттеуге болады.

Барлығы төрт деңгейде беріледі. Халықаралық жоғары деңгей көрсеткіші 625 алайда, жоғарғы деңгей 550, орта деңгей – 475 және төменгі деңгей - 400 балға сәйкес келеді (3, 4 кесте).

3 кесте. Әдеби оқу тәжірибиесін меңгеру мақсатындағы оқу

Деңгей	Бал	Мүмкіншілік сипаты
Төменгі	400 – 474	✓ Нақты мәтін бөліктерін таңдау; ✓ Оларды қарапайым қортындыларды қалыптастыруда қолдану;
Орташа	475 - 549	✓ Оқиғалар арасында өзара байланыс орнату; ✓ Мәтіннің ортақ идеясын анықтау; ✓ Мәтін құрылымынан элементтерді анықтап көрсету; ✓ Кейіпкерлер әрекетіне қарапайым интерпретация беру;
Жоғары	550 - 624	✓ Кейіпкерлердің әрекеттерін және сезімдерін салыстыру және бір-біріне қарсы қою; ✓ Олардың өзара байланысын түсіндіру; ✓ Мәтінде қолданылған тілдік ортаның ерекшеліктеріне алғашқы сараптама жасау;
Жоғары	625 –тен жоғары	✓ Мәтіннен үзінді келтіре отырып, негізгі кейіпкерлер мінездемесіне, олардың ниеті мен сезіміне интерпретация жасау; ✓ Мәтіннен ақпаратты ала отырып мәтіннің мағынасын немесе негізгі идеясын түсіндіру;

4 кесте. Ақпаратты түсіну және қолдану мақсатындағы оқу

Деңгей	Бал	Мүмкіншілік сипаты
Төменгі	400 – 474	✓ Мәтінде берілген деректерді анықтап, қайта қосу; ✓ Қажетті ақпаратты көрсететін сөйлемді сызып белгілеу; ✓ Оны қортындыларды қалыптастыруда қолдану;
Орташа	475 - 549	✓ Мәтіндегі берілген ақпараттың үйлесімділігі туралы қортынды жасау; ✓ Мәтіннің әр бөлімдерін саралау және керекті ақпаратты көрсету; ✓ Мәтінге жалпы қатынасты анықтау;

Жоғары	550 - 624	✓ Мәтіндегі анық емес түрде берілген арнайы ақпаратты белгілеу; ✓ Мәтіндегі сөйлемдердің өзара байланысы негізінде қортындыларды қалыптастыру; ✓ Әртүрлі мәтіннің жеке сипаттамасын және қолданыс мақсатын анықтау;
Жоғары	625 –тен жоғары	✓ Мәтіннің әр бөлімдерінен күрделі ақпаратты танып дәлелдеу; ✓ Мәтіннің айтпақ ойын түсіну үшін визуалды және вербалды элементтердің мағынасын түсініп бағалау; ✓ Мәтіндер, карталар, иллюстрация, диаграммалар, фото суреттер негізіндегі әртүрлі мәтіндерден ақпаратты жалпылау.

1.4. Нәтижелер қалай бағаланады

Таңдаулы жауабымен тапсырманың орындалуын тексеру Халықаралық сарапшылар көмегімен WinDem арнайы бағдарламасымен жүзеге асады.

Ашық жауабымен тапсырманы тексеруді Ұлттық үйлестірушілер жүргізеді. Тапсырмаларды IEA Халықаралық басқару ұйымының құрастырған тапсырманы бағалау нұсқаулығы бойынша сарапшылар тексереді.

Әрбір тапсырманың орындалуын бағалау үшін арнайы бағыттаулар дайындалған. Басқарушы балмен белгілеуде әр тапсырманы бағалауды орындауда және қатысушылардың нақты жауаптарына қарайды. Нәтижелері Халықаралық деңгейде тексеру үшін Халықаралық координациялық орталыққа жіберіледі.

Тәуелсіз сарапшылар ұлттық деңгейде әр төртінші дәптерді екі рет тексереді, содан соң жарты бөлігін Халықаралық сарапшылар қайта тексереді. Егер сарапшылар дұрыс бағаламаса тапсырма сараптамаға жіберіледі.

Орындалған жұмыстың сандық және сапалық бағалау жүйелері қатар жүреді. PIRLS зерттеуін бағалау 1000 баллдық шакаламен жүзеге асады (негізінде елдердің нәтижесі 300 - 700 балдың арасында

көрсетеді). Орташа көрсеткіш 500 баллға сәйкес, стандарттық төменгі балл 100. Әрбір тапсырманы орындау үшін қиындық деңгейіне байланысты балл беріледі. Халықаралық сарапшылар оқу сауаттылығын бағалауды әдеби және ақпараттық мәтіндер мен жеке оқуды түсіне білу қабілетіне сәйкес жүргізеді.

Төрт жауаптың бірін таңдау тапсырмасы бір баллмен бағаланады. Еркін құрастыратын жауабына берілген тапсырмалар қиындық деңгейіне байланысты 1-3 баллмен бағаланады.

1.5. PIRLS зерттеуінің алдыңғы кезеңдердегі халықаралық рейтингі

Халықаралық зерттеулер шеңберінде білім сапасын бағалаудың тиімді жаңа әдістері мен технологиялары құрастырылуда. Осыған байланысты PIRLS зерттеуіне қатысушы елдер алдыңғы кезеңдердің нәтижесін қолдану арқылы ұлттық білім беру жүйесіндегі білім үрдісін жетілдіру мен мазмұнын жаңашалайды.



PIRLS-2001 зерттеуінің бірінші кезеңіне 35 елден 150 мың бастауыш мектеп оқушылары қатысты. Зерттеу нәтижесі бойынша алдыңғы позицияны йеленген елдер қатарына : Швеция (561), Нидерланды (554), Англия (553), Болгария (550), Латвия (545), Канада (544), Литва (543), Венгрия (543), АҚШ (542), Италия (541) жатады. Ең төменгі нәтижелерді Кувейт (396), Марокко (350), Белиз (327) елдерінің оқушылары көрсетті.

PIRLS-2006 зерттеуіне қатысушы 40 елден 215 мың оқушылар қатысты. Жоғарғы көрсеткіш көрсеткен елдер Ресей (565), Гонконг (564),

Сингапур (558), Канада (Британдық Колумбия) (558). Осы кезеңнің нәтижелері төмен болған елдер Катар (353), Кувейт (330), Марокко (323) және ОАР (302). Қатысқан мектептер саны – 7629 және оқушылар саны – 215 000 құрады.

PIRLS 2011 салыстырмалы зерттеуіне 49 ел қатысты. Жоғарғы балды иеленген елдер: Гонконг (571), Ресей Федерациясы (568), Финляндия (568), Сингапур (567). Ресей оқушылары мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалауда Халықаралық емтиханнан үздіктер қатарында екенін дәлелдеді. Ресейдің бастауыш сынып оқушыларының жетістігінің себебі, бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру құндылығын қоғамда, педагогтар мен ата-ана қауымына таныстыру болып отыр.

Педагогика қауымы бастауыш білім беруде сапалы оқу бағдарламасын, сонымен қатар 2004 және 2009 жылдардағы мемлекеттік стандарт аясында, сапалы оқулықтар, оқу және түсіну әдістерімен жұмыс нақты бағытқа қойылғанын атап өтеді.

Бастауыш мектеп педагогтарының жоғарғы деңгейлі кәсібилігі көрсеткен нәтижеге тығыз байланысты. Оқуы төмен оқушылармен нәтижелі жұмыстар кезеңмен жүргізіледі. Ресей барлық кезеңде оқитын елдер қатарында болды. Соның арқасында қоғамда және отбасында оқуға деген қызығушылық жоғары.

Оқушыға арналған сауалнама нәтижесі Ресей еліндегі бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқып, түсіну жұмыстарының әдістері тиімді екенін дәлелденді. Сабақта мәтіннен қажетті мәліметті табу, негізгі ойды анықтау, қорытындылау, автордың ойын жалғастыру т.б. әдістерге баса назар аударылады. Маңыздылығы бұл барлық бастауыш сыныпта жүйелі 1-4 сыныпта жалғасады.

Зерттеуге қатысушы елдер барлық кезеңдерде өз нәтижелерінің динамикасын салыстырып отырады. 2001 жылы білім нәтижелері жоғары елдер, 2006 жылмен салыстырғанда көрсеткіштерін айтарлықтай жақсы

көрсете білді. Гонконг, Сингапур, АҚШ, Дания, Тайвань, Англия өз нәтижелеріне 7-ден 18 дейін баллдарын қосқаны байқалады. (5 кесте.).

5 кесте. PIRLS кезеңдерінің рейтингі

2001 жыл – 4 сынып			2006 жыл – 4 сынып		
Елдер (35 ел)	орын	Халықаралық орташа балл	Елдер (40 ел)	орын	Халықаралық орташа балл
Швеция	1	561	Ресей	1	565
Нидерланды	2	554	Гонконг	2	564
Англия	3	553	Сингапур	3	558
Болгария	4	550	Люксембург	4	557
Латвия	5	545	Италия	5	551
Канада (О, Q)	6	544	Венгрия	6	551
Литва	7	543	Швеция	7	549
Венгрия	8	543	Германия	8	548
США	9	542	Нидерланды	9	547
Италия	10	541	Бельгия	10	547
<i>Халықаралық орташа көрсеткіш</i>			<i>Халықаралық орташа көрсеткіш 500</i>		
Норвегия	25	499	Молдова	30	500
Кипр	26	494	Бельгия (Франц.)	31	500
Молдова	27	492	Норвегия	32	498
Түркия	28	449	Румыния	33	489

2011 жыл – 4 сынып		
Елдер (49 ел)	орын	Халықаралық орташа балл
Гонконг	1	571
Ресей	2	568
Финляндия	3	568
Сингапур	4	567
Солтүстік	5	558
АҚШ	6	556
Дания	7	554
Хорватия	8	553
Қытай Тайбэйі	9	553
Ирландия	10	552
<i>Халықаралық орташа көрсеткіш 500</i>		
Грузия	34	488
Мальта	35	477
Тринидад және	36	471

Сонымен қатар, әр елде өткізілген PIRLS зерттеуінен алынған нәтижелер педагогикалық бірлестікпен кең көлемде талқыланады.

Зерттеудегі оқушылар жетістігі нәтижелерінен мониторинг механизмі жүзеге асырылады, оқыту технологиясы мен бастауыш мектеп оқушыларының білім жетістіктерінің талаптары қайта қаралады.

Оқушылардың оқу сауаттылығы зерттеуінің халықаралық тест тапсырмалары негізінде педагогикалық ұжымдар мен жаңашыл-мұғалімдер жеке ұлттық сұрақтар базасын құрастырады, ол тек оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға бағытталып қоймай, сонымен қатар болашақ жастардың білім жетістіктерінің маңызды факторы ретінде ең алдымен оқу мәдениеті мен дағдыларын құрастыру қарастырылады.

«Мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеу»
халықаралық зерттеуі

Progress in International Reading Literacy Study

PIRLS

МЕКТЕП ӘКІМШІЛІГІНЕ
АРНАЛҒАН САУАЛНАМА



national Association for the Evaluation of
Educational Achievement

Мектеп әкімшілігіне арналған сауалнама

Сіздің мектебіңіз Халықаралық білім беру жетістіктерін бағалау жөніндегі қауымдастық (IEA) жүргізетін, қырыққа жуық әлем елдерінде «Мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалау» (PIRLS) халықаралық зерттеуіне қатысып отыр. Зерттеудің мақсаты оқуға үйрету үрдісін жетілдіру мақсатында әр түрлі әлем елдеріндегі оқушылардың оқу сапасын бағалау, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйесіндегі айырмашылықтарды анықтау және сараптау.

Сауалнама мектеп туралы ақпарат алу үшін берілген және оны мектеп директоры немесе орынбасары толтырады. Сіздің мектебіңіз елдің ұлттық іріктеу құрамына кіргендіктен, сауалнаманың барлық сұрақтарына берілетін жауап Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне сипаттама беру үшін өте маңызды.

Сауалнаманың әрбір сұрағына барынша нақтырақ жауап беруіңізді сұраймыз. Сауалнаманың кейбір сұрақтарына жауап беру үшін мектептің басқа қызметкерлерін де қатыстыру мүмкіндігі бар. Біздің есептеуімізше сауалнаманы толтыру үшін 30 минутқа жуық уақыт қажет.

Өзге де халықаралық зерттеулердегі сияқты, осы жобада да барлық елдер үшін бірыңғай сауалнама қолданылады. Осыған орай, кейбір сұрақтар Сіздің мектебіңіздің немесе жалпы Қазақстан мектептерінің өзгешеліктеріне сәйкес келмеуі мүмкін. Бұған қарамастан, барлық сұрақтарға жауап беруге тырысып көруіңізді сұраймыз. Жауаптар нақты ақпарат алу үшін қажет, олардың негізінде білім беру жүйесінің нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Толтырылған сауалнама тестілеу материалдарымен бірге Облыстық үйлестірушіге қайтарылып, ҚР БҒМ Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығына жіберіледі.

Қызметтестік үшін алдын ала алғысымызды білдіреміз!

PIRLS

1

Сіздің мектебіңіздегі жалпы оқушылар саны қанша?

оқушы

_____ *Санын жазыңыз.*

2

Сіздің мектебіңіздегі бастауыш мектеп сыныптарындағы жалпы бітіруші оқушылар саны қанша?

оқушы

_____ *Санын жазыңыз.*

3

Сіздің мектебіңіз орналасқан қала, елді мекен немесе ауыл тұрғындарының саны қанша?

*Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

3000адамнан аз--- ☐

3001-ден 15000-ға дейін--- ☐

15001-ден 50000-ға дейін--- ☐

50001-ден 100000-ға дейін--- ☐

100001-ден 500000-ға дейін--- ☐

500000-нан астам адам--- ☐

4

Сіздің мектебіңіз орналасқан жерді қалай сипаттар едіңіз?

*Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

Қала--- ☐

Қала маңы--- ☐

Ауылдық жер--- ☐

Бастауыш мектептегі сыныпты бітіруші қанша оқушысы шамамен тегін немесе жартылай ақылы түскі ас ішеді?

Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

Барлығы--- ○

Кейбіреулері---- ○

Ешкім--- ○

Сіздің мектебіңіздегі оқушылардың шамамен қанша пайызы...

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

	0-10%	11-25%	26-50%	50% астам
a) Экономикалық жағдайынашар отбасына жатады?-----	↓ ○	↓ ○	↓ ○	↓ ○
b) Экономикалық жағдайы жақсы отбасына жатады?-----	○	○	○	○
c) Қазақ тілі ана тілі болып табылмайды оқушылар?-----	○	○	○	○
d) Ең болмағанда кейбір сабақтарды ана тілінде (қазақ тілі емес) оқиды? -----	○	○	○	○

Сіздің мектебіңіздің төртінші сынып оқушылары үшін:

а. Оқу жылындақанша оқу күні бар?

_____күн
Күндердің санын жазыңыз.

б. Үзілістерді қоспағанда әдеттегі оқу күнінде сабақтарға қанша уақыт бөлінеді?

_____сағат және _____минут
Сағат пен минут санын жазыңыз.

с. Оқу аптасында қанша оқу күні бар?

*Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

6 күн--- ☐

5 жарым күн--- ☐

5 күн--- ☐

4 жарым күн--- ☐

4 күн--- ☐

Басқа--- ☐

Мұнда жазыңыз _____

8

Сіздің бастауыш мектеп бітірушілеріңізге мына ұсыныстар беріле ме?

*Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

Иә Жок

а)Қосымша оқу сабақтары (белгіленген міндетті шамадан тыс)-----☐-----☐
Егер «Иә» деп жауап берсеңіз ...

Осы сабақтарға қанша оқушы қатысады?

*Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

0-25%--- ☐

26-50%--- ☐

51-75%--- ☐

76-100%--- ☐

*Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

Иә Жок

б)Күні ұзартылған топтар(сабақтарға
дейін немесе кейін)-----☐-----☐

Егер «Ия» деп жауап берсеңіз...

Күні ұзартылған топтарға қанша оқушы қатысады?

Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

- 0-25%--- ○
26-50%--- ○
51-75%--- ○
76-100%--- ○

9

Сіздің мектебіңіздің бірінші сыныбына келген шамамен қанша оқушы төмендегілерді орындай алды?

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

- | | 25%-дан
кемі | 25-50% | 51-75% | 75% астам |
|--|-----------------|--------|--------|-----------|
| a) Әліпбидегі әріптердің көбісін тану----- | ○ | ○ | ○ | ○ |
| b) Кейбір сөздерді оқу----- | ○ | ○ | ○ | ○ |
| c) Сөйлемдерді оқу ----- | ○ | ○ | ○ | ○ |
| d) Әліпбидегі әріптерді жазу----- | ○ | ○ | ○ | ○ |
| e) Кейбір сөздерді жазу ----- | ○ | ○ | ○ | ○ |

10

Басқа білім беру салаларымен (математика және жаратылыстану) салыстырғанда төменде берілген тіл дағдыларының бастауыш мектеп оқушыларында қалыптасуына қаншалықты көңіл бөлінеді?

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

- | | Көп көңіл
бөлінеді | Аз көңіл
бөлінеді | Бірдей
көңіл
бөлінеді |
|--------------------------------------|-----------------------|----------------------|-----------------------------|
| a) Оқу----- | ○ | ○ | ○ |
| b) Жазу----- | ○ | ○ | ○ |
| c) Сөйлеу/тыңдау (ауызекі тілі)----- | ○ | ○ | ○ |

Сіздің мектебіңізде ...

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

- Бар Жок
- ↓ ↓
- a) Оқуды үйрету бойынша жеке оқыту бағдарламасы (федералды немесе аймақтыққа қосымша)-----○-----○
- b) Оқушыларды көтермелейтін, формалды емес бастамалар (мысалы кітап әуесқойлар клубы, оқу бойынша олимпиадалар және т.б.)-----○-----○
- c) Оқуға үйрету үрдісін жетілдіруге тырысатын мұғалімдерге көмекші мектеп бағдарламасы-----○-----○
- d) Оқуға үйрету кезінде мұғалімдер жұмысын үйлестіру жөніндегі мектеп ұсыныстары-----○-----○

Сіздің бастауыш сыныпта оқуға үйрету барысында келесі оқу құралдары мен материалдар қалай қолданылады?

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз

- Оқыту негізі Қосымша Қолданылмайды Мұғалімге сыныпқа байланысты
- ↓ ↓ ↓ ↓
- a) Кітаптар сериясы(көпшілікке және дайындық деңгейі әр түрлі оқырмандарға арналған)-----○-----○-----○-----○
- b) Оқулықтар-----○-----○-----○-----○
- c) Балаларға арналған әр түрлі кітаптар-----○-----○-----○-----○
- d) Басқа пәндер бойынша материалдар-----○-----○-----○-----○
- e) Балаларға арналған газеттер және журналдар-----○-----○-----○-----○
- e) Оқуға үйретуге арналған компьютерлік бағдарламалар-----○-----○-----○-----○

Бастауыш мектептің қай сыныбында төмендегі оқу білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға алғаш рет айтарлықтай көңіл бөлінеді?

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз

	1	2	3	4	Басқа
	сынып	сынып	сынып	сынып	сыныптарда
a) Өліпбидегі әріптерді білу-----	☐	☐	☐	☐	☐
b) Әріптер мен дыбыстар арасындағы сәйкестікті білу-----	☐	☐	☐	☐	☐
c) Сөздерді оқу-----	☐	☐	☐	☐	☐
d) Жеке сөйлемдерді оқу -----	☐	☐	☐	☐	☐
e) Байланысқан мәтінді оқу -----	☐	☐	☐	☐	☐
f) Мәтіннің негізгі идеясын ерекшелеу-----	☐	☐	☐	☐	☐
g) Оқығанын түсіндіру немесе дәлелдеу (мәтіндітүсіну бойынша жұмыс жасау)-----	☐	☐	☐	☐	☐
h) Оқығанын өз тәжірибесімен салыстыру-----	☐	☐	☐	☐	☐
i) Әртүрлі мәтіндерді салыстыру-----	☐	☐	☐	☐	☐
j) Оқыған мәтіннің немен аяқталатынын болжап айту-----	☐	☐	☐	☐	☐
k) Оқыған мәтіннің негізінде қорытынды жасау жәнетұжырымдау-----	☐	☐	☐	☐	☐
l) Мәтіннің стилі мен құрылымын сипаттау -----	☐	☐	☐	☐	☐

14

Сіздің мектебіңізде қазақ тілі ана тілі болып табылмайтын, бастауыш мектептің бітіруші сынып оқушыларына ана тілінде оқуға үйрете ме?

Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

Ия--- ☐

Жоқ--- ☐

15

Сіздің мектебіңізде кітапхана бар ма?

Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

Ия--- ☐

Жоқ--- ☐

 (Егер сіз «Жоқ» деп жауап берсеңіз, №16 сұраққа көшіңіз)

Егер сіз «Ия» деп жауап берсеңіз...

а. Сіздің мектебіңіздегі кітапханада атаулары әр түрлі кітап саны шамамен қанша (журналдар мен мерзімдік басылымдарды қоспағанда)?

Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

250 немесе одан аз--- ☐

251-500--- ☐

501-2000--- ☐

2001-5000--- ☐

5001-10000--- ☐

10000-нан астам--- ☐

б. Сіздің мектебіңіздегі кітапханада әр түрлі журналдар немесе мерзімдік басылымдардың саны шамамен қанша (атаулары әр түрлі)?

Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

0--- ☐

1-5--- ☐

6-10--- ☐

11-30--- ☐

31 немесе одан астам--- ☐

Сіздің мектебіңізде бастауыш мектептің бітіруші оқушылары қолдана алатын қанша компьютер бар?

_____ компьютер
Санын жазыңыз.

Сіздің бастауыш мектебіңіздің мұғалімдері төменде берілгендермен қамтамасыз етілген бе?

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз

- | | Иә | Жоқ |
|---|-----------------------|-----------------------|
| a) Сыныптағы жұмыс орнымен ----- | ☐ | ☐ |
| b) Бірнеше мұғалім пайдаланатын жұмыс орнымен----- | ☐ | ☐ |
| c) Әрбір мұғалімге арналған жеке жұмыс орнымен (мысалы, кабинет)----- | ☐ | ☐ |

Төменде берілгендердің жетіспеушілігі немесе заманауи талаптарға сәйкессіздігі оқу үрдісіне әсер ете ме ...

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз

- | | Мүлдем
әсер
етпейді | Аз ғана
әсер
етеді | Біршама
әсер
етеді | Айтарлықтай
әсер
етеді |
|---|---------------------------|--------------------------|--------------------------|------------------------------|
| a) Білікті мұғалімдер----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| b) Оқуға үйрету саласына
мамандандырылған мұғалімдердің----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| c) Қазақ тілін ана тілі ретінде оқытатын
мұғалімдердің----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| d) Оқу материалдарының
(мысалы, оқулықтар)----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| e) Кеңсе тауарларының
(мысалы, қағаздар, қарындаштар)----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

- f) Мектеп ғимараттары және
мектеп аумағының-----○-----○-----○-----○
- g) Жылыту және жарықтандыру
жүйелерінің-----○-----○-----○-----○
- h) Сабаққа арналған бөлмелердің
(мысалы, сынып бөлмелері)-----○-----○-----○-----○
- i) Физиологиялық кемшіліктері бар
балаларға арналған арнайы
жабдықтардың-----○-----○-----○-----○
- j) Оқытуға арналған
компьютерлердің-----○-----○-----○-----○
- k) Оқытуға арналған компьютерлік
бағдарламалардың-----○-----○-----○-----○
- l) Компьютерге қызмет көрсетуші
мамандардың-----○-----○-----○-----○
- m) Кітапханадағы кітаптардың-----○-----○-----○-----○
- n) Аудиошолу құралдардың-----○-----○-----○-----○

19

**Сіздің мектебіңізде оқушылар мен олардың ата-аналарына келесі
бағдарламалар мен қызметтер ұсыныла ма?**

*Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз*

- | | Иә | Жоқ |
|--|----|-----|
| | ↓ | ↓ |
| a) Орыс тілді халық үшін сауаттылығын жоғарлату бойынша
ересектерге арналған бағдарламалар----- | ○ | ○ |
| b) Орысша сөйлемейтін халық үшін сауаттылықты жоғарлату
Бойынша ересектерге арналған бағдарламалар----- | ○ | ○ |
| c) Ата-аналарға білім беру бағдарламалары
(мысалы, балаларды дамыту
бойынша) ----- | ○ | ○ |
| d) Сауықтыру немесе әлеуметтік іс-шаралар----- | ○ | ○ |

Бастауыш мектептің бітірушілер сыныбының оқушыларына және олардың ата-аналары үшін мына іс-шаралар қаншалықты жиі ұйымдастырылады?

*Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз*

- | | 1
сынып | 2
сынып | 3
сынып | 4
сынып | Басқа
сыныптарда |
|---|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| a) Ата-аналар жиналысы----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| b) Ата-аналарға мектеп туралы
ақпарат берілген хаттар, буклеттер
және т.б. жіберілді----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| c) Балалардың үлгерімі туралы
ата-аналарға жазбаша
хабарланады ----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| d) Ата-аналар шақырылатын
мектептегі іс-шаралар----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

Сіздің бастауыш мектеп оқушыларының ата-аналарының шамамен қанша пайызы төмендегіні орындай алады?

*Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз*

- | | Бастауыш
мектепке
жатпайды | 0-10% | 11-25% | 26-50% | 50%-дан
астам |
|---|----------------------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| a) Тұрақты түрде мектепте
немесе сыныпта көмектеседі----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| b) Ата-аналар жиналысына
қатысады----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| c) Мектеп өткізетін мәдени,
спорттық немесе қоғамдық
іс-шараларға қатысады----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

Төменде берілгендердің бірін таңдай отырып, бастауыш мектебіңізге сипаттама беріңіз

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз

- | | Өте
жоғары | Жоғары | Орташа | Төмен | Өте
төмен |
|--|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| a) Мұғалімдердің өз жұмыстарына қанағаттануы----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| b) Мұғалімдердің оқушылардан күтетін үлгерім деңгейі----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| c) Ата-аналардың өз балаларының үлгерімін көтерудегі көмегі----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| d) Оқушылардың мектеп меншігіне деген қатынасы ----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| e) Оқушылардың жақсы оқуға деген ынтасы----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| f) Оқушылар бір-бірінің қамын ойлайды----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

Сіздің бастауыш мектебіңізде төмендегі проблемалар қандай деңгейде байқалады?

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз

- | | Байқалмайды | Болмашы
деңгейде | Орта
деңгейде | Айтарлықтай
деңгейде |
|--|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-------------------------|
| a) Оқушылардың кешігуі ----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| b) Оқушылардың сабақтан қалуы (мысалы,себепсіз қалуы)----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| c) Сынып тәртібін бұзуы ----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| d) Алдау, көшіру ----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

- e) Әдепсіз сөздерді қолдану-----○-----○-----○-----○
- f) Вандализм-----○-----○-----○-----○
- g) Ұрлық-----○-----○-----○-----○
- h) Оқушылар арасындағы
сөзбен балағаттау -----○-----○-----○-----○
- i) Оқушылар арасындағы
төбелестер -----○-----○-----○-----○
- j) Есірткі қолдану-----○-----○-----○-----○
- k) Қару ұстауы -----○-----○-----○-----○
- l) Нәсілшілдік-----○-----○-----○-----○

24

Сіздің мектебіңіздің ресми бекітілген жұмыс жоспарында бастауыш мектеп мұғалімдері арасындағы қызметтестік пен іскерлік байланыстардың дамуы қарастырыла ма?

*Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

Ия--- ○

Жоқ--- ○

25

Сіздің бастауыш мектеп мұғалімдеріңізге оқу материалдары мен әдістемелер бойынша бірлесіп жұмыс істеуге арнайы бөлінген уақыт қаншалықты жиі беріледі?

*Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

Аптасына кем дегенде 2-3 рет-- ○

Аптасына бір рет--- ○

Айына бір рет ---- ○

Айына 1 реттен аз--- ○

Ешқашан--- ○

а.Директор ретінде уақытыңыздың шамамен қанша пайызы төменде берілгендерге жұмсалады?

*Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз*

- а)мектепке арналған бағдарламалар менпедагогикалық шешімдер жасауға _____ %
- б)кадрлармен жұмысқа _____ %
- с)әкімшілік жұмысқа(мысалы,жұмысқа қабылдау, мектеп бюджеті) _____ %
- д)ата-аналармен жұмыс істеуге және ықшам ауданмен байланыс жасауға _____ %
- е)сабақ жүргізуге _____ %
- ф)оқушылармен өзара жеке әрекеттестікке _____ %
- г)басқа қызмет түрлеріне _____ %

Барлығы=100%

б.Сіз жоғарыда аталған барлық қызмет түрлеріне аптасына орташа есеппен қанша сағат жұмсайсыз?

_____ сағат

Санын жазыңыз.

Осы сауалнаманы толтыруға шамамен қанша уақыт жұмсадыңыз?

_____ минут

Санын жазыңыз.

Осы сауалнаманы толтыруға жұмсаған уақытыңыз және пікіріңіз үшін алғыс айтамыз!

«Мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеу»
халықаралық зерттеуі

Progress in International Reading Literacy Study

PIRLS

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН
САУАЛНАМА



International Association for the Evaluation of
Educational Achievement

Мұғалімге арналған сауалнама

Сіздің мектебіңіз қырыққа жуық әлем елдерінде Халықаралық білім беру жетістіктерін бағалау жөніндегі қауымдастық (IEA) жүргізетін, «Мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалау» (PIRLS) халықаралық зерттеуіне қатысып отыр. Зерттеудің мақсаты оқуға үйрету үрдісін жетілдіру мақсатында әр түрлі әлем елдеріндегі оқушылардың оқу сапасын бағалау, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйелеріндегі айырмашылықтарды анықтау және сараптау.

Сауалнама, оқушылары бастауыш мектепті бітіретін мұғалімдерге арналған. Оның мақсаты – Сіздің сабақ беру тәжірибеңіз бен оқуға үйретуді ұйымдастыруыңыз туралы ақпарат алу. Сіздің мектебіңіз елдің ұлттық іріктеу құрамына кіргендіктен, сауалнаманың барлық сұрақтарына берілетін жауап Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне сипаттама беру үшін өте маңызды.

Кейбір сұрақтарда «тест өткізілетін сынып» деген сөз тіркесі қолданылады. Осы сұрақтарға жауап беру кезінде тестілеуге қатысатын және нөмірі сауалнаманың мұқабасында көрсетілген сыныпқа сипаттама беру керек.

Өзге де халықаралық зерттеулердегі сияқты, осы жобада да барлық елдер үшін бірыңғай сауалнама қолданылады. Осыған орай, кейбір сұрақтар Сіздің мектебіңіздің немесе жалпы Қазақстан мектептерінің өзгешеліктеріне сәйкес келмеуі мүмкін. Бұған қарамастан, барлық сұрақтарға жауап беруге тырысып көруіңізді сұраймыз. Жауаптар ақпарат алу үшін қажет, олардың негізінде білім беру жүйесінің нәтижелерін салыстыруға болады.

Біздің есептеуімізше сауалнаманы толтыру үшін 30 минутқа жуық уақыт қажет.

Толтырылған сауалнама тестілеу материалдарымен бірге Облыстық үйлестірушіге қайтарылады немесе ҚР БҒМ Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығына жіберіледі.

Қызметтестік үшін алдын ала алғысымызды білдіреміз!

PIRLS

1

а.Тест өткізілетін сыныпта қанша оқушы бар?

_____оқушы
Санын жазыңыз.

б. 2-6 сұрақтар тест өткізілетін сыныптың оқушылары туралы.

2

Осы оқу жылын қоса алғанда, Сіз тест өткізілетін сыныптың оқушыларын оқытқаныңызға барлығы қанша жыл болды?

*Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

Бір жыл немесе одан аз--- ☐

Екі жыл--- ☐

Үш жыл--- ☐

Төрт жыл немесе одан артық-- ☐

3

Өз тәжірибенізге сүйене отырып, тест өткізілетін сынып оқушыларының оқуды меңгерген деңгейін қалай сипаттар едіңіз?

*Тек **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

Оқушылардың көбісінің деңгейі орташадан жоғары--- ☐

Оқушылардың көбісінің деңгейі орташа --- ☐

Оқушылардың көбісінің деңгейі орташадан төмен--- ☐

Оқушылардың оқуды меңгеру деңгейі әр түрлі --- ☐

4

Тест өткізілетін сыныпта қанша оқушы қазақша ауызекі тілді қиын түсінеді?

_____оқушы
Санын жазыңыз.

5

а.Оқу бойынша неше оқушыға түзету сабақтары қажет?

_____оқушы
Санын жазыңыз.

б. Оқу бойынша коррекциялық сабақтарды қажет ететін неше оқушы осы сабақтарға қатысады?

_____оқушы
Санын жазыңыз.

6

а. Сіздің мектебіңізде оқу бойынша үлгерімі жақсы оқушылар үшін күрделенген бағдарламалар қолданылады ма?

Тек бір дөңгелекті белгілеңіз.

Ия--- ☐

Жоқ--- ☐



(Егер «Жоқ» деп жауап берсеңіз, № 7 сұраққа көшіңіз)

Егер «Ия» деп жауап берсеңіз ...

б. Оқу бойынша үлгерімі жақсы оқушылардың қаншасы күрделіленген бағдарлама бойынша оқытылады?

_____оқушы
Санын жазыңыз.

7

Әдеттегі оқу аптасында тест өткізілетін сынып оқушыларымен келесі жұмыс түрлеріне уақыттың қанша пайызын жұмсайсыз?

Әрбір жағдай үшін пайызын жазыңыз.

- а) Бүкіл сыныппен жұмыс _____ %
- б) Жеке оқушылармен немесе кішігірім топтармен жұмыс _____ %
- с) Ұйымдастырушылық сәттер(мысалы, сабаққа қатысуын тексеру) _____ %
- д) Тәртіпті сақтау _____ %
- е) Басқа міндеттер _____ %

Барлығы=100%

8

а. Әдетте оқу аптасында Сіз жазуға, ауызекі тілге, оқуға үйрету және басқа тіл дағдыларын қоса алғанда, қазақ тіліне және оқуға үйретуге қанша уақыт жұмсайсыз?

аптасына сағат және _____ минут
Сағат және минуттегі уақытты жазыңыз.

в. Әдетте оқу аптасында оқуға үйретуге және басқа пәндер шеңберінде оқуға қанша уақыт жұмсайсыз?

аптасына сағат және _____ минут

Сағат және минуттегі уақытты жазыңыз.

с. 8в сұрағына берген жауабыңызға оқу сабақтарына оқу жоспарында бөлінген уақыт кіре ме

Тек бір дөңгелекті белгілеңіз.

Ия--- ☐

Жоқ--- ☐



(Егер «Жоқ» деп жауап берсеңіз, № 9 сұраққа көшіңіз)

Егер «Ия» деп жауап берсеңіз ...

д. Бағдарламада тек оқуға үйретуге қанша уақыт бөлінген?

Аптасына сағат және _____ минут

Сағат және минуттегі уақытты жазыңыз.

9

Басқа пәндер шеңберінде оқуға үйретуді қоса алғанда, оқушыларды оқуға үйретумен қаншалықты жиі айналысасыз?

Тек бір дөңгелекті белгілеңіз.

Күнде--- ☐

Аптасына 3-4 рет--- ☐

Аптасына 3 реттен аз--- ☐

10

Тест өткізілетін сыныпқа сабақ беру қалай ұйымдастырылған?

Тек бір дөңгелекті белгілеңіз

Мен бүкіл оқу аптасы бойы немесе оның көпбөлігінде шамамен барлық пәндерді оқытамын----- ☐

Негізгі пәндер бойынша балаларды пән мұғалімдері оқытады (мысалы, математикаға, жаратылыстануға, орыс тіліне)----- ☐

Мен басқа мұғалімдермен бірге сабақ беремін (мысалы ,бір сабақта бірге немесе кезекпен жұмыс істейміз)----- ☐

Басқа----- ☐

Оқу сабақтарында және басқа пәндер шеңберіндегі оқу барысында Сіз оқушылармен жұмыс істеудің келесі ұйымдастырушылық үлгілерін қаншалықты жиі қолданасыз?

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

- | | Әрқашан
немесе
әрқашан
дерлік | Жиі | Кейде | Ешқашан |
|--|--|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| a) Мен бүкіл сыныппен жұмыс істеймін----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| b) Мен қабілеттігі бірдей оқушылар тобымен
жұмыс ұйымдастырамын----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| c) Мен қабілеттілігі әр түрлі оқушылар
тобымен жұмыс істеймін----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| d) Мен жеке өзімнің оқуға үйретудің
түрлерін қолданамын----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| e) Оқушылар белгіленген жоспар немесе
тапсырма бойынша өз бетімен жұмыс
істейді----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| f) Оқушылар өздері таңдаған тапсырманы
өз бетімен орындайды----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

Оқу сабақтарында және басқа пәндер шеңберіндегі оқу барысында Сіз келесі оқу құралдары мен материалдарды қаншалықты жиі қолданасыз?

Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз.

- | | Күнде
немесе
күнде
дерлік | Аптасына
1-2рет | Айына
1-2рет | Ешқашан
немесе
ешқашан
дерлік |
|---|------------------------------------|-----------------------|-----------------------|--|
| a) Оқулықтар----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| b) Кітаптар сериясы(көпшілікке,
дайындық деңгейі әр түрлі
оқырмандарға арналған)----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |
| c) Басып шығарылған дәптерлер----- | ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

- d) Балаларға арналған газеттер немесе журналдар-----○-----○-----○-----○
- e) Оқуға үйретуге арналған компьютерлік бағдарламалар (мысалы, компакт-дисктерде, DVD)-----○-----○-----○-----○
- f) Интернеттен алынған материалдар (веб-беттер)-----○-----○-----○-----○
- g) Әр түрлі балаларға арналған кітаптар (мысалы, көркем және ғылыми-көпшілік әдебиет)-----○-----○-----○-----○
- h) Басқа пәндер бойынша ақпараттар-----○-----○-----○-----○
- i) Оқушылар дайындаған және жазған ақпараттар-----○-----○-----○-----○

13

Оқу сабақтарында және басқа пәндер шеңберіндегі оқу барысында оқушылар келесі мәтін түрлерін қаншалықты жиі оқиды?

*Әрбір жолдан **бір** дөңгелекті белгілеңіз.*

- | | Күнде
немесе
күнде
дерлік | Аптасына
1-2рет | Айына
1-2рет | Ешқашан
немесе
ешқашан
дерлік |
|---|------------------------------------|--------------------|-----------------|--|
| a) Қысқаша әңгімелер(мысалы, мысалдар, ертегілер, оқиғалар, ғылыми қиял ғажайып детективтер)----- | ↓
○ | ↓
○ | ↓
○ | ↓
○ |
| b) Көркем әдебиеттер (тарауларымен)----- | ○ | ○ | ○ | ○ |
| c) Өлеңдер, поэмалар----- | ○ | ○ | ○ | ○ |
| d) Пьесалар----- | ○ | ○ | ○ | ○ |
| e) Ғылыми-көпшілік мәтіндер----- | ○ | ○ | ○ | ○ |
| f) Нұсқаулықтар немесе нұсқаулар----- | ○ | ○ | ○ | ○ |
| g) Кестелер, диаграммалар, графиктер----- | ○ | ○ | ○ | ○ |

Оқу бойынша деңгейі әр түрлі оқушылармен жұмыс барысында, Сіздің оқу материалдарын қалай қолданатыныңызды төменде берілгеннің қайсысы сипаттайды?

Тек бір дөңгелекті белгілеңіз.

Мен барлық оқушылар үшін бір материалды қолданамын, себебі олардың оқу деңгейі бірдей ----- ○

Мен оқу деңгейі әр түрлі оқушылар үшін бір материалды қолданамын, бірақ олар әр түрлі жылдамдықта жұмыс істейді ----- ○

Мен оқу деңгейіне тәуелсіз, барлық оқушылар үшін бір материалды қолданамын. ----- ○

Барлық оқушылар бірдей жылдамдықта жұмыс істейді ----- ○

Мен оқу деңгейі әр түрлі оқушылармен жұмыс істеу үшін әр түрлі материалдарды қолданамын----- ○

Оқу сабақтарында және басқа пәндер шеңберіндегі оқу барысында Сіз келесі жұмыс түрлерін қаншалықты жиі қолданасыз?

Әрбір жолдан бір дөңгелекті белгілеңіз.

- | | Күнде
немесе
күнде
дерлік | Аптасына
1-2рет | Айына
1-2рет | Ешқашан
немесе
ешқашан
дерлік |
|---|------------------------------------|--------------------|-----------------|--|
Ертеде Өркен атты адам өмір сүріпті, ол 87 жаста болған еді. Өмір бойы сабырлы және ымырашыл адам болатын. Ол өте кедей және сонымен қатар өте бақытты болған еді.



Үйінің ішінен тышқандарды байқаған кезде, Өркен еш қамықпады. Бірақ тышқандар көбейе берді. Бұл оны ызаландыра бастады. Олар көбейе берді-көбейе берді, ақыры, Өркеннің шыдамы таусылды.

«Бұлай болмайды. Бұл өте ұзақ жалғасып кетті», - деп ойлады ол. Өркен дүкенге жүгіріп барып, тышқан қақпанын, ірімшік және желім сатып алды.

Үйге оралған соң, тышқан қақпанының астына желім жағып төбеге жапсырып қойды. Содан соң ішіне ірімшік салып қойды.

Сол түнде, тышқандар індерінен шығып, төбеде жапсырылып тұрған тышқан қақпанын көріп, жай ғана әзіл деп ойлап қалды. Олар еденде серуендеп жүріп, бірін-бірі итеріп, төбені көрсетіп қатты дауыстап қарқылдады.

Ақыры, тышқан қақпанын төбеге жапсырып қою орынсыз болды.

Таңертең, Өркен төменге түскенде, тышқан қақпанында ештеңе жоқ екен, бірақ ол жымыып, үндеген жоқ.

Ол орындықтың аяқтарына желім жағып, төңкеріп, тышқан қақпанының жанына төбеге жапсырып қойды.

Дәл осылай, үстелді, теледидарды және шамды да жапсырып қойды. Ол еденде тұрғанның барлығын төңкеріп, төбеге жапсырып қойды. Өркен тіпті кілемді де жапсырып қойды.

Келесі түні, тышқандар інінен шыққаннан кейін, бұған қарап күліп, әзілдеп жүріп еді, енді төбеге қарап, тынышталып қалды.

«О, құдай-ау! Қарандар, еден ана жақта!», - деп біреуі айқайлап жіберді.

«О, тәңірім! Біз төбеде салбырап тұрған шығармыз!», - деп екіншісі айқайлады.

«Менің басым айналып кетті», - деді үшіншісі.

«Менің басыма қан құйылып кетті», - деді тағы біреуі.

«Бұл сұмдық қой! Дереву бірдеме істеуіміз керек!», - деді ұзын мұртты кәрі тышқан.

«Егер тағы біраз басыммен тұратын болсам, есімнен таңып қалам!», - деді жас тышқан.



«Мен де!»

«Мен бұған шыдамаймын!»


«Біреуіңіз көмектесіңіздер. Тезірек!»

Тышқандардың естері шықты. «Мен не істеу керектігін білемін, біз барлығымыз басымызмен тұрамыз да, барлығы өз орнына келеді», - деді кәрі тышқан.

Барлық тышқандар келісіп басымен тұрды, біраз уақыттан кейін, бірінен кейін бірі миына қан құйылудан естерінен таңа бастады.

Келесі күні, таңертең Өркен төменге түскенде, тышқанға толы еденді көрді. Тышқандарды жинап, себетке салып қойды.

Сөйтіп, мынаны есте сақтау керек: қаншалықты дүние төңкеріліп жатқандай болып көрінсе де, сіз жерде нық тұрғаныңызға сенімді болуыңыз керек.



«Төңкерілген тышқандар» мәтіні бойынша сұрақтар

1. Неліктен Өркен тышқандарды құртқысы келді?

- A. Ол әрқашан да тышқандарды жек көретін
- B. Олар тым көбейіп кетті
- C. Олар тым қатты күлетін
- D. Олар бүкіл ірімшікті жеп қойды

2. Өркен тышқан қақпанын қайда орнатып қойды?

- A. себетке
- B. тышқан іnderінің жанына
- C. орындықтардың астына
- D. төбеге

3. Неліктен бірінші түні тышқандар іnderінен шыққаннан кейін, бірін-бірі итеріп, төбені көрсетті?

- A. төбеден орындықты көріп қалды
- B. Өркенды ақылсыз деп есептеді
- C. олар тышқан қақпанындағы ірімшікті алғысы келді
- D. олар көргенінен шошып кетті

4. Неліктен Өркен тышқан қақпанында тышқандарды таппағаннан кейін жымыды?

5. Өркен орындықты төбеге жапсырып қойғаннан кейін не істеді?

- A. жымыды да, үндеген жоқ
- B. тышқан қақпандарын сатып алды
- C. барлығын төбеге жапсырып қойды
- D. тышқандарға ірімшік берді

6. Келесі түні тышқандар қайда екенін білмей не істеді?

Тышқандар қайда тұрғаны жайлы не шешті?

7. Екінші түнде тышқандардың абыржығанын растайтын сөйлемдердің бірін тауып, жазыңыз.

1. _____

8. Болып жатқан жайтты түсінбей қалған тышқандар әңгімеде қалай бейнеленген?

- A. Өркеннің тышқандар жайлы ойын әңгімелей отырып
- B. тышқандардың қайда тіршілік еткенін сипаттай отырып
- C. тышқандар бір-біріне не айтқанын әңгімелей отырып
- D. тышқандардың кімге ұқсайтынын сипаттай отырып

9. Неліктен келесі таңда еден тышқандарға толы болды?

- A. тышқандар тым көп уақыт басында тұрды
- B. Өркен тышқандарға тым көп ірімшік берді
- C. тышқандар төбеден құлап қалды
- D. Өркен еденге желім жағып қойды

10. Өркен тышқандарды еденнен жинап алып, қайда салып қойды?

11. Тышқандарды алдау жеңіл болды ма? Жеңіл екені жайлы бір себеп және жеңіл емес екені жайлы бір себеп жазыңыз.

12. Сіз Өркенды іс-қимылынан таныдыңыз. Оған сипаттама беріп, екі дәлелдейтін мысалды келтіріңіз

13. Қай сөздер әңгімені нақтырақ сипаттайды?

- A. байыпты және мұнды
- B. қорқытатын және толқытатын
- C. қызықты және ақылды
- D. толқытатын және жұмбақ

14. Өркен мен тышқандардың әрекеттері жайлы ойланыңыз. Әңгіменің ақылға сыймайтынын түсіндіріңіз.

Тапсырма 4.

Азық іздеу барысында Ақпараттық мәтін

Міне, жәндіктердің немен қоректенетіні және азығын қалай іздейтіні туралы үш жоба келтірілген. Алдымен Сіз құмырсқалар, есеккұрттар және құрттарды тауып алуыңыз керек. Оларды мұқият зерттеп, зерттеп болғаннан кейін тапқан жерге қойғаныңызға көз жеткізіңіз.

- құмырсқаның ізімен жүріңіз
- есеккұрттарды зерттеңіз
- құрттарға арналған шыны сауыт жасаңыз


Құмырсқаларды, есеккұрттарды және құрттарды қайдан табуға болады?

Құмырсқаның іздері жаз мезгілінде табылған. Кіре берістің бір жағында біраз азық болады; ал екінші жағынан ұяға кіретін жолды табуыңыз керек.

Есеккұрттар ылғалды, қараңғы жерлерді жақсы көреді. Оларды бөренелердің астынан, ескі жапырақтар үйіндісінің астынан және қабырғалардан табуға болады.



Құрттар жаңа ғана қазылған топырақтағы тастардың астында немесе тыңайтқыш үйіндісінің жанында өмір сүреді. Олар жердің бет үстіне түнде шығады.



Құмырсқаның ізімен жүріңіз

Құмырсқалар барлығы бірге илеуде өмір сүреді. Құмырсқа біраз қорек тауып алған кезде, басқалары артынан еретіндей із салады. Осы экспериментті жасау үшін, Сізге құмырсқалардың илеуін табу керек. Сізге келесі заттар қажет болады: бір жапырақ қағаз, алманың кішкентай бөлігі, біраз топырақ.

1. Алманың кішкентай бөлігін бір жапырақ қағазға салып, қағазды құмырсқалардың илеуінің жанына қойыңыз. Бірнеше құмырсқа алманы тапқанша күте тұрыңыз. Олардың барлығы сол ізбен жүру керек.

2. Алманы жылжытыңыз. Құмырсқалар алмаға тура бара ма екен?

3. Енді ізді жауып тастау үшін, қағазға топырақ шашып жіберіңіз. Құмырсқалар біраз айналуы керек. Олар жаңа із жасай ма?

Не болып жатыр?


Алманы жылжытқаннан кейін де, құмырсқалар жаңа із салмайынша, ескі ізбен жүреді.

Неліктен?

Құмырсқа біраз қорек тапқаннан кейін, хош иісті із қалдыратын арнайы химикаттар бөліп шығарады. Илеудегі басқа құмырсқалар өз антенналары немесе сезімталдығыарқасында хош иісті сезеді.

Есеккұрттарды зерттеу

Есеккұрттардың сезімтал антенналары бар. Мынадай қорап жасап, шыны сауытқа алты есеккұртты салып қойыңыз. Оларды қорапқа салғаннан кейін жолды қалай табатынын қараңыз. Сізге қажеті: қақпағы бар кішкентай бос қорапша, қайшы, пластырь және қурап қалған ылғалды жапырақтар.



1. Суреттегідей жүруге арналған 3 ұзын жолақ жасау үшін, қақпақты пайдаланыңыз.

2. Есеккұрттарды бір-бірден жіберіңіз. Өтетін жердің соңына жеткен кезде кейбіреулері солға, ал кейбіреулері оңға бұрылады.

3. Ылғалды жапырақтарды қорапшаның оң жағына қойыңыз. Енді есеккұрттарды тағы қорапқа жіберіңіз.

Олар қай жолмен барады екен?

Не болып жатыр?

Есеккұрттар оң жаққа қорегіне қарай бұрылады.

Неліктен?

Есеккұрттар қорегін өз антенналарымен сезіне алады. Оларды жапырақты табу үшін қолданады.

Құрттарға арналған шыны сауыт жасаңыз

Құрттарды зерттеу қиынға түседі, себебі олар жарықты ұнатпайды. Жарық сезген сәтте, қайта қараңғы жер табу үшін ирендеп жатады. Құрттардың немен қоректенетінін және қалай тіршілік ететінін білу үшін мында көрсетілгендей құрттарға арналған шыны сауыт жасаңыз.

Содан соң екі-үш құрт тауып алып, шыны сауытқа салып қойыңыз. Құрттарды созуға болмайтынын ұмытпаңыз, себебі зақым келтіруіңіз мүмкін. Олардың үсті топыраққа тығыз бекітіліп алатын қылшықтармен жабылған.

1. Аяқ киім қорабының бір жағын есік сияқты ашылатындай қорап қақпағымен байлап қойыңыз. Қораптағы құрттарға жарық пен ауа түсіру үшін, қораптың үстін тесіңіз.

2. Бөтелкенің үстіңгі жағын кесіп тастаңыз. Содан кейін оны бос буып-түйілген топырақ және құм қабатымен толтырыңыз. Оның үстіне картоп пен пиязды шашып тастаңыз.

3. Ішіне абайлап құрттарды салыңыз да, бөтелкені қорапқа салып, есігін жабыңыз. Оны 4 күн бойы далаға, құрғақ жерге қойып қойыңыз.

4. 4 күннен кейін қайтып келіп, бөтелкені қараңыз. Топырақ пен құмда қандай өзгеріс болды?

Есіңізде болсын: осы жобаны аяқтағаннан кейін, құрттарды қайта бұрынғы орнына апарып қойыңыз.

Не болып жатыр?

Төрт күннен кейін құм мен топырақ қабаты араласып кетеді.

Неліктен?

Құрттар қоректену үшін жоғары шығып, содан соң жарықтан қашып жер астына түскен кезде, құм мен топырақты араластырады.

«Азық іздеу барысында» мәтіні бойынша сұрақтар

1. Мақаланың басты мақсаты қандай?

- A) жүргізе алатын, әртүрлі эксперименттерді сипаттау
- B) құмырсқаның іздері туралы ақпарат беру
- C) жәндіктердің неге ұқсас екенін көрсету
- D) құрттардың немен қоректенетінін түсіндіру

2. Тірі тіршілік иелеріне қамқор болу үшін не істеу керек?

- A) Оларды жартастар мен тастардың астынан іздеу керек
- B) олар туралы бәрін біліп алу керек
- C) барынша көп жинап алу керек
- D) тапқан жеріңе қайта апарып қою керек

3-5 сұрақтар құмырсқалар туралы

3. Неліктен сіз алманы құмырсқа илеуінің жанына қойдыңыз?

- A) құмырсқаның ізін жауып қою үшін
- B) құмырсқалар жол салу үшін
- C) құмырсқаларды әбігерге салу үшін
- D) құмырсқалар айнала жорғалау үшін

4. Құмырсқа біраз қорегін тапқаннан кейін, құмырсқа илеуіндегі басқа құмырсқалар оны қалай табады?

- A) Олар бірінші құмырсқаны бақылап, артынан ереді.
- B) Азығын таппағанша, айналып жорғалайды.
- C) Олар бірінші құмырсқа қалдырған иісті сезеді.
- D) Олар қағаз бетіндегі қоректің иісін сезеді.

5. Неліктен құмырсқалар топырақ шашқаннан кейін айнала жорғалайды?

6. Есекқұрттар азығын қалай табады?

- A) Олар жолдан түсіп кетеді.
- B) Олар антенна-мұртшаларымен сезеді
- C) Олар иіс ізімен жүреді.
- D) Олар қорегін қараңғыда көреді.

7. Есекқұрттарды зерттеу үшін суретке қараңыз. Экспериментте не жасау керектігіне сурет қалай көмектеседі?

8. Есекқұрттар жобасының 3 қадамында, егер ылғалды жапырақтарды қораптың сол жақ бұрышына жылжытсаңыз не болады деп ойлайсыз?

9. Құмырсқалар мен есекқұрттардың қоректі табу жолдарында қандай ұқсастық бар?

10. Құрттарға арналған шыны сауыт жасау үшін, қадамдарыңыздың тәртібін нөмірлеңіз. Бірінші қадам жасалған.

___ бөтелкені аяқ киім қорабына салыңыз

1 аяқ киім қорабының үстін тесіңіз

___ оның ішіне құрттарды салыңыз

___ картоп пен пиязды салыңыз

___ бөтелкенің ішін топырақ пен құмға толтырыңыз

11. Құм мен топырақ қабатын бөтелкеге не үшін салу керектігін түсіндіріңіз.

12. Құрттарға арналған шыны сауыт жобасы үшін, пияз бен картопты топырақтың үстінгі бетіне не үшін салу керектігін түсіндіріңіз.

13. Әрбір жобада не болып жатыр және неліктен жеке шарттары бар. Осы шарттардың мақсаты неде?

A) Жобаның қадамдарын түсіндіру үшін

B) жоба үшін не қажет екендігін көрсету үшін


C) аяқтағаннан кейін не істеу керектігін көрсету үшін

D) нені көргеніңізді түсіндіру үшін

14. Үш жобаның қайсысы Сіз үшін қызықты болды? Жауабыңызды түсіндіру үшін мәтіндегі мәліметтерді пайдаланыңыз.

Тапсырма 5.

Саз балшық түйіршігі Әдеби мәтін



Жоғарыдағы ескі мұнаның ішінде шеберхана орналасқан. Бұл қыш-құмыра шеберханасы болатын, онда түрлі-түсті жылтырақтары бар бөшкелер, қыш-құмыра дөңгелектері, күйдіруге және кептіруге арналған пештер және әрине, саз балшық та көп еді. Терезенің жанында қақпағы ауыр, үлкен қобди тұрған болатын.

Оның ішінде әдетте сазбалшық сақтайтын. Түбінде, ең бұрышында ескі, кеуіп қалған саз балшық түйіршігі жатыпты. Ол өзінің соңғы рет қашан қолға алып иленгенін есіне әрең түсірді. Қобдидің қақпағы күн сайын ашылып отырды. Төмен қарай бір дорба не бір кесек саз балшық алуға қолдар созылатын. Саз балшық түйіршігіне жұмыспен айналысып жатқан адамдардың көңілді базары естілетін.

«Менің кезегім қашан келер екен?», – деп ойлайтын ол. Қобдидің ішінде, қараңғылықта күндер өтіп жатты, ал саз балшық түйіршігі үмітін жоғалта бастады.

Бір күні шеберханаға мұғалімімен бірге бір топ балалар келді. Бірден бірнеше баланың қолы саз балшыққа ұмтылды. Біздің түйіршік соңғы болып еді, ақыры алынды!

Көзін күнге сығырайтып қарап: «Бұл үлкен сәттілік!», – деп ойлады ол.

Бала саз балшықты қыш дөңгелегіне салып, бар күшімен айналдырып иледі.

«Керемет!», – деп ойлады біздің түйіршік. Бала дөңгелек айналғанша саз балшықты керіп созып алуға тырысты. Сол уақытта түйіршік өзінің жуық арада затқа айналатынынан толқығанын сезді. Бірақ бала бірнеше құмыра жасау әрекеттерінен кейін бастапқы ойынан айныды. Ол саз балшықты илеп тәптіштеп шар жасап қойды.

«Арттарыңнан жинайтын уақыт келді», – деп мұғалім айтып еді, балалардың бірдеңені уқалап, сүртіп, кептіріп отырғаны естілді. Әр жерден су тамшылап тұрды.

Бала саз балшық түйіршігін терезенің жанына тастап, достарының артынан жүгіре жөнелді. Біраз уақыттан соң шеберхана босап қалды. Бөлмеде тым-тырыс, қараңғы болып кетті. Саз балшық түйіршігін қорқыныш билей бастады: ол қобдидегі дымды аңсап, қауіп төніп тұрғанын түсінді. «Бәрі бітті», – деп ойлады ол.

– Енді мен осы жерде қалып, кеуіп тас сияқты қатайып қаламын.



Ол ашық терезенің жанында жатқан болатын. Қозғалатын күші жоқ, ылғалдың кетіп бара жатқанын сезінді. Алдымен күн күйдірді, содан кейін кешкі жел соқты, саз балшық түйіршігі тас сияқты қатайып бара жатты. Ол үмітін үзді.

Бірақ, бұл түйіршіктің ішінде, тереңде, жібергісі келмеген су тамшысы қалыпты.

«Жауын жауса екен», – деп ойлады.

«Су керек», – деп күрсінді.

«Өтінемін», – деп, әйтеуір, үмітсіз құрғақ денесінен әрең шығарды. Жанынан өтіп бара жатқан бұлт кішкентай ғана саз балшық түйіршігіне жаны ашып, ғажайып нәрсе болды. Жауын-шашынның үлкен тамшылары ашық терезеден саз балшық түйіршігіне түсті.



Жауын-шашын түні бойы жауды, таңға таяу түйіршік бұрынғыдай жұмсарып қалды.

Шеберханадан дауыстар естілді.

«Ой-ой-ой!», – деп, әйел айқайлап жіберді. Ол қышшы болатын және осы шеберханада жиі жұмыс істейтін еді.

«Біреу бүкіл демалыс бойы терезені ашық қалдырып кетіпті! Енді мына жерді жинауға тура келеді. Мен сүлгі тауып алғанша, сен саз балшықпен жұмыс істей тұр», - деп қызына айтты.

Кішкентай қыз бала терезенің жанында жатқан саз балшық түйіршігін көріп қалды.

«Маған керегі осы сияқты»,–деді ол.

Көп кешікпей саз балшықты илеп, әр түрлі пішіндер жасай бастады. Саз балшық түйіршігіне қыз баланың саусақтары тамаша болып көрінді.

Қыз бала жұмыс істеп, ойланып отырды және қолдары белгілі бір мақсатпен қозғалып жатты.

Саз балшық түйіршігі дөңгелек, іші қуыс бір нәрсеге айналып бара жатқанын сезді. Бірнеше шымшымнан кейін тұтқасы пайда болды.

– Анашым, анашым, мен тостаған жасап қойдым!, - деп қыз бала анасын шақырды.

– Керемет! – деді анасы. – Сөреге қойып қой, оны пештің ішінде күйдіреміз. Содан соң жылтырақпен жауып, кез-келген ұнатқан түске бояй аласың.

Көп кешікпей кішкентай тостаған жаңа үйге көшуге дайын болды. Енді ас үйдегі сөреде басқа тостағандар, табақшалар мен сапты аяқтардың жанында тұрады. Олардың барлығы әр түрлі, арасында өте әдемілері де бар.

– Таңғы ас ішетін уақыт келді! – деп анасы жаңа тостағанды үстелге қойып, ішіне ыстық шоколад құйып, шақырып жатыр.

Қыз бала абайлап ұстап тұр. Саз балшық түйіршігі өзінің жаңа пішінінің жылтыр сызықтарын сезіне отырып, өзін сондай бақытты сезінді. Қыз бала өз жұмысын сондай тамаша атқарды!

Біздің кішкентай тостаған: «Ақыры, мәні бар затқа айналдым ғой», - деп мақтаныш сезімі биледі.

«Саз балшық түйіршігі» мәтіні бойынша сұрақтар

1. Әңгімедегі оқиғалар қандай тәртіппен болғанын көрсететіндей сөйлемдерді нөмірлеп шық. 1-ші нөмір қойылып тұр.

- ___ Жауын-шашын саз балшық түйіршігіне ылғал беріп, жұмсартты.
- ___ Бала саз балшық түйіршігінен құмыра жасауға тырысты
- ___ Қыз бала саз балшық түйіршігінен тостаған жасады
- ___ Саз балшық түйіршігі кеуіп қалды
- __1__ Саз балшық түйіршігі қобдиде жатты

2. Неліктен саз балшық түйіршігі соншалықты көп уақыт қобдидің ішінде жатты?

3. Әңгіменің басында саз балшық түйіршігі не жайлы армандап отырды?

4. Саз балшық түйіршігін, ақыры, қобдидің ішінен не үшін алып шықты?

- A) Барлық қалған түйіршіктерді алып алған
- B) Бұл түйіршік қалған саз балшық түйіршіктерінің үстінде жатты
- C) Балаға бұл түйіршік ерекше ұнап қалғандықтан алды.
- D) Мұғалім балаға жұмыс істеу үшін дәл осы түйіршікті алсын деді.

5. Бала нені дұрыс істеген жоқ?

- A) Ол саз балшықты қыш дөңгелегінде тастап кетті
- B) Ол дөңгелекті бар күшімен айналдырды
- C) Ол саз балшықты терезенің жанында тастап кетті
- D) Ол саз балшықты илеп, шар жасап қойды

6. Бала саз балшық түйіршігін қауіптілікте қалдырып кетті. Қауіп неден болды?

7. Бала қыш-құмыра шеберханасынан кетіп қалғаннан кейін, саз балшық түйіршігі нені сезінді?

- A) қанағаттанды
- B) қорқып қалды
- C) ашуланды
- D) мақтаныш сезімі биледі

8. Ұзақ уақыт бойы терезенің жанында жатқаннан кейін, саз балшық түйіршігі қандай ғажайып нәрсеге тап болды? Неге бұл оған соншалықты маңызды болды?

9. Әңгімедегі қандай сөздер кішкентай қыз баланың не жасағысы келетінін білгенін көрсетеді?

- A) «оның саусақтары тамаша болып көрінді»
- B) «Кішкентай қыз бала терезенің жанында жатқан саз балшық түйіршігін көріп қалды»
- C) «Қыз бала оны абайлап ұстап тұр»
- D) «оның қолдары белгілі бір мақсатпен қозғалып жатты»

10. Әңгіменің басында және соңында саз балшық түйіршігі әр түрлі сезімдерге бөленді. Оларды сипатта. Сезімдері неліктен өзгергенін түсіндіріңіз.

11. Кішкентай қыз бала – бұл әңгімедегі маңызды кейіпкер. Қыз бала рөлінің маңыздылығын, қандай оқиға болғанын түсіндіріңіз.

12. Әңгіменің авторы саз балшық түйіршігі туралы тірі жандай әңгімелейді. Ол саған мұнымен нені көрсеткісі келіп тұр?

- A) жауын-шашын астында қалу деген қандай екенін
- B) саз балшық түйіршігінің сезімі барын
- C) саз балшықпен жұмыс істеудің не екенін
- D) бір нәрсені өз қолымен жасағанда, қандай сезімге бөленетінін

13. Бұл әңгіменің басты ойы қандай?

- A) адамдар саз балшыққа ұқсас: оларды өзгертуге және пішіндеуге болады.
- B) дүниеде қайғы көп
- C) кез-келген нәрсе өз орнын тапқанда, өзін бақытты сезінеді
- D) қыш-құмыра өнері – осы өмірде жақсылық жасаудың ең жақсы тәсілі.

Тапсырма 6.

Алып тіс құпиясы Ақпараттық мәтін




Қазбалар – бұл көптеген жылдар бұрын Жер бетінде мекендеген қандай да бір жаратылыстың сүйегі немесе өсімдіктің қалдығы. Адамдар мындаған жылдар бойы жартастар мен құздардан және өзендердің маңынан тасқа айналған жануарлар мен өсімдіктерді тапқан. Енді, осы тасқа айналғандардың кейбіреуі динозаврлар болғанын білеміз.

Баяғы заманда сүйекті тапқан адамдар оның ненің сүйегі екенін білмеген. Кейбіреулері үлкен сүйектерді гиппопотам немесе пілдер сияқты өзі көрген немесе оқыған үлкен жануарлардың сүйегі деп ойлаған. Бірақ, адамдар тапқан кейбір сүйектер ең үлкен гиппопотам немесе пілді алатын болсақ та, тым үлкен болған еді. Осы алып сүйектер кейбір адамдарды алыптардың барына сендірді.

Жүздеген жылдар бұрын Францияда Бернард Палисси атты адам басқа нұсқаны ойлап тапты. Ол қыштан бұйымдар жасайтын белгілі шебер болған еді. Бір күні қыш құмыра сомдай отырып, саз балшықтың ішіндегі көп ұсақ сүйектерді байқап қалды. Оларды мұқият зерттеп, тірі тіршілік иелерінің сүйектері деп сипаттады. Бұл жаңалық болған жоқ. Алайда Бернард Палисси осы тіршілік иелерінің кейбіреулері ендігәрі жер бетінде мекендемейтінін, толығымен жойылып кеткенін жазған болатын. Олар толығымен жойылып кетті. Олар қырылып қалды.

Палисси өз жаңалығы үшін марапатталды ма? Жоқ! Оны мұндай ойлары үшін түрмеге жауып тастады.

Уақыт өте кейбір адамдар әлемнің біздің заманымызға дейін қандай болғаны туралы жаңа идеяларды ашық айта бастады.



Содан соң, 1820ж. Англияда үлкен тасқа айналып кеткен тіс табылды. Сүйектер жөніндегі сарапшы Джидеон Мантелдің әйелі Мэри Анна Мантел серуендеп жүргенде алып тасқа айналған тіс сияқты болып көрінген бірдемені көрген. Мэри Анна Мантел, мұндай үлкен тістің өте сирек кездесетінін біліп, күйеуіне көрсету үшін тісті үйіне алып келді.

Джидеон Мантел тасқа айналған тісті алғаш көргенде, тіс шөпқоректі жануардың тісі деп ойлады, себебі ол тегіс және тыртықшалары болған.

Ол азығын шайнаудан мүжіліп қалған еді.

Ол пілдің тісіндей үлкен болатын. Бірақ пілдің тісіне ұқсамайды. Тістің нобайы табиғи шамасына сәйкес бейнеленген.

Джидеон Мантел тіске бекітіліп қалған тас кесектерінің өте ескі болғанын айтқан. Ол бұл тастың түрі рептилияның сүйектері табылған жердегі тас түрі екенін білген еді. Осы тіс сондай азықпен қоректенген алып, шөпқоректі рептилияның тісі болуы мүмкін бе? Енді мүлдем жер бетінде мекендемейтін рептилияның тісі ме?

Джидеон Мантел расында табылған зат жайлы ойланып қалды. Ол өзі білетін рептилияның ешқайсысы да өз азығын шайнамайтынын білетін. Рептилиялар азығын жұтып қоректенеді және тістері тозбайды. Бұл құпияға айналды.

Джидеон Мантел тісті Лондон мұражайына апарып, басқа ғалымдарға көрсетті. Мұндай тіс алып рептилияның тісі деген Джидеон Мантелдің тұжырымымен ешкім келіскен жоқ.

Джидеон Мантел дәл осындай алып тісті рептилияны табуға тырысқан еді. Ұзақ уақыт ештеңе таппады. Сөйтіп бір күні игуаналарды зерттеп жүрген ғалымды кездестірді.

Игуана – Орталық және Оңтүстік Америкада табылған үлкен шөпқоректі рептилия. Оның ұзындығы 1,5 метрден астам болуы мүмкін. Ғалым Джидеон Мантелге игуананың тісін көрсетті. Ақыры тапты! Бұл әлгі жұмбақ тіске ұқсайтын тірі рептилияның тісі болды. Тек тасқа айналған тіс біраз үлкенірек болды.

Ол азығын шайнаудан мүжіліп қалған еді.

Ол пілдің тісіндей үлкен болатын. Бірақ пілдің тісіне ұқсамайды. Тістің нобайы табиғи шамасына сәйкес бейнеленген.

Джидеон Мантел тіске бекітіліп қалған тас кесектерінің өте ескі болғанын айтқан. Ол бұл тастың түрі рептилияның сүйектері табылған жердегі тас түрі екенін білген еді. Осы тіс сондай азықпен қоректенген алып, шөпқоректі рептилияның тісі болуы мүмкін бе? Енді мүлдем жер бетінде мекендемейтін рептилияның тісі ме?

Джидеон Мантел расында табылған зат жайлы ойланып қалды. Ол өзі білетін рептилияның ешқайсысы да өз азығын шайнамайтынын білетін. Рептилиялар азығын жұтып қоректенеді және тістері тозбайды. Бұл құпияға айналды.

Джидеон Мантел тісті Лондон мұражайына апарып, басқа ғалымдарға көрсетті. Мұндай тіс алып рептилияның тісі деген Джидеон Мантелдің тұжырымымен ешкім келіскен жоқ.

Джидеон Мантел дәл осындай алып тісті рептилияны табуға тырысқан еді. Ұзақ уақыт ештеңе таппады. Сөйтіп бір күні игуаналарды зерттеп жүрген ғалымды кездестірді.




Игуана
Джидеон
Мантелдің
дәптерінен
алынған игуана
тісінің суреті



Игуана—Орталық және Оңтүстік Америкада табылған үлкен шөпқоректі рептилия. Оның ұзындығы 1,5 метрден астам болуы мүмкін. Ғалым Джидеон Мантелге игуананың тісін көрсетті. Ақыры тапты! Бұл әлгі жұмбақ тіске ұқсайтын тірі рептилияның тісі болды. Тек тасқа айналған тіс біраз үлкенірек болды.

Енді, Джидеон Мантел тасқа айналған тіс игуана сияқты жануарға жататынына көз жеткізді. Тек оның ұзындығы 1,5 метрден әлдеқайда ұзын екенін болжады. Джидеон Мантел оның ұзындығы 30 метрге дейін жететініне сенді. Оны *Игуанодон* деп атады, бұл «игуананың тісі» дегенді білдіреді.

Джидеон Мантелде *Игуанодонның* толық қаңқасы болған жоқ. Бірақ, жылдар бойы жинаған сүйектерді пайдалана отырып, олардың түрі қандай екенін анықтауға тырысты. Оның болжамы бойынша, жануар төрт аяқты болған. Оның ойынша, ұшы үшкір сүйек мүйізі болған. Ол мұрынында мүйізі бар *Игуанодонның* суретін салды.



Джидеон Мантел Игуанодонды дәл осылай елестеткен

Бірі жылдардан кейін, *Игуанодонның* бірнеше бүтін қаңқалары табылды. Олардың ұзындығы бар болғаны 9 метрге жуық. Сүйектеріне қараса бір кездері артқы аяқтарымен жүргені анықталды. Сонымен қатар Джидеон Мантелдің мүйіз деп болжағаны, расында «үлкен бақайындағы» үшкір дөңес болып шықты. Осы жаңалықтарға сүйене отырып, ғалымдар *Игуанодонның* қандай болғаны жайлы пікірлерін өзгертті.

Джидеон Мантел бірнеше қателік жіберді. Бірақ сонымен қатар маңызды жаңалық ашты. Оның алғашқы ойы бойынша, қазбаның тісі шөпқоректі бауырымен жорғалаушыларға жататын болғандықтан, ол өз идеяларының дұрыстығын дәлелдеу үшін фактілер мен айғақтар жинауға көп жыл еңбектенді. Дәлелді болжам жасай отырып, Джидеон Мантел бұрынғы заманда аса ірі бауырымен жорғалаушылардың жер бетінде өмір сүргенін көрсеткен алғашқылардың бірі болған еді. Бірақ кейіннен олар қырылып қалған.

Осыған дейін жүздеген жылдар бұрын, Бернард Палисси дәл осындай жаңалық ашқаны үшін түрмеге жабылған еді. Ал Джидеон Мантел болса әйгілі болып кетті. Оның жаңалығы осындай алып, бауырымен жорғалаушылар туралы көбірек білгісі келген адамдардың қызығушылығын тудырды.

1842 жылы Ричард Оуэн атты ғалым, қырылып бара жатқан бауырымен жорғалаушыларға өз атауы керек деп шешті. Ол жануарларды *Динозаврлар* деп атады. Бұл «қорқынышты үлкен кесіртке» дегенді білдіреді. Бізде оларды «динозаврлар» деп атаймыз.

«Алып тіс құпиясы» мәтіні бойынша сұрақтар

1. Қазба дегеніміз не?

- A) жартастар мен құздардың беті
- B) алыптың сүйектері
- C) ежелгі тірі жандардың сүйектері
- D) пілдің тістері

2. Мақалаға сәйкес, неліктен бұрынғы заманда кейбір адамдар алыптарға сенген?

3. Бернард Палисси қазбаларды қайдан тапты?

- A) құздан
- B) саз балшықтан
- C) өзеннің жағасынан
- D) жалғыз аяқ жолдан

1. Бернард Палиссидің жаңа идеясы қандай болды?

5. Неліктен Бернард Палиссиді түрмеге отырғызды?

- A) Адамдар жаңа идеяға дайын болмады.
- B) Ол Джидеон Мантелдің идеясын қабылдады.
- C) Ол кіп-кішкентай сүйектерді саз балшықта тастап кетті.
- D) Францияда қазбаларды зерттеуге тыйым салынған еді.

6. Тасқа айналған тісті Англиядан кім тауып алды?

- A) Бернард Палисси
- B) Мэри Энн Мантел
- C) Ричард Оуэн
- D) Джидеон Мантел

7. Тасқа айналған тісті жаңылыстырған рептилиялар туралы Джидеон Мантел не білген?

- A) Бауырымен жорғалаушылардың тісі болмайды.
- B) Бауырымен жорғалаушылар жартастар астынан табылған.
- C) Рептилиялар бұрынғы заманда өмір сүрген.
- D) Рептилиялар азығын шайнамай жұтып жейтін.

8. Джидеон Мантелдің ойынша, тіс әр түрлі жануарлар түріне жатуы мүмкін. Осылай ойлауына не себеп болғанын көрсету үшін кестені толтырыңыз.

Жануардың түрі	Неліктен мұндай ой келді

9. Неліктен Джидеон Мантел тісті мұражайға апарды?

- A) табылған зат мұражайға қоюға жарайтынын білу үшін
- B) қазбалар жөніндегі сарапшы екенін дәлелдеу үшін
- C) идеясы жайлы ғалымдардың пікірін есту үшін
- D) тісті мұражайдағы басқа тістермен салыстыру үшін

10. Ғалым Джидеон Мантелге игуананың тісін көрсетті. Неліктен бұл Джидеон Мантел үшін соншалықты маңызды болды?

11. Игуанодонды болжамдап көрсеткісі келгенде Джидеон Мантел нені қолданды?

- A) өзі жинаған сүйектерді
- B) басқа ғалымдардың идеяларын
- C) кітаптағы суреттерді
- D) басқа бауырмен жорғалаушылардың тісін

12. Игуанодонның екі суретіне қараңыз. Бұдан не түсіндіңіз?

13. Кейінгі жаңалықтар Джидеон Мантел Игуанодонның қандай болғанын дұрыс суреттемегенін дәлелдеді. Кестені толтырыңыз.

Джидеон Мантелдің ойынша <i>Игуанодонның</i> түрі қандай болды	Қазіргі заманғы ғалымдардың пікірінше, <i>Игуанодонның</i> түрі қандай болды

14. Табылған заттың қайсысы *Игуанодонның* түрі қандай болғаны жайлы Джидеонның қателескенін көрсетті?

- A) көптеген тасқа айналған тістер
- B) ғылыми суреттер
- C) тірі *Игуанодондар*
- D) бүкіл қаңқасы

Тапсырма 7.

Ұш, Бүркіт, Ұш Әдеби мәтін

Бір күні фермер жоғалып кеткен бұзауды іздеуге кетті. Кеш қарсаңында бақташылар бұзаусыз оралды. Ал бұл түні қатты жел болған еді.

Ол алқапқа барып, өзен арнасында, қамыс арасынан, жартастан және сарқыраған судан іздеген еді.

Ол жартасты құздары бар биік тау баурайына шықты. Бұзау желден қорғану үшін өрмелеп кетті ме екен деп, үлкен жартастарды қарап жүрді. Дәл сол жерде тоқтай қалды. Құздың дөңес жерінде ең ерекше көрініске тап болды. Бір-екі күн бұрын жұмыртқаны жарып шыққан бүркіттің балапаны қатты желден ұясынан құлап түсіп қалыпты.

Ол қолын созып, балапанды қолында тербетті. Ол оны үйіне әкеліп, күтіп өсіргісі келді.

Үйге жақындап қалған кезде, балалар қарсы алдынан шықты.

«Бұзау өзі келді», - деп айқайлай жөнелді олар.


Фермер өте риза болды. Ол бүркіттің балапанын отбасына көрсетіп, тауықтар мен балапандар арасындағы құс қораға абайлап жіберді.

«Бүркіт – құстар патшасы, бірақ біз оны балапан болуға үйретеміз», - деді ол.

Сөйтіп, бүркіт балапандардың қылықтарына үйрене отырып, олардың арасында өсті. Өскен сайын, басқа балапандардан ерекшелене бастады.

Бір күні досы келіп, балапандар арасындағы құсты көріп қалды.

«Әй, бұл балапан емес, бүркіт қой», - деді ол.



Фермер жымыып: «Әрине, бұл балапан. Қарашы өзің – ол балапан сияқты жүреді, балапан сияқты қоректенеді, балапан сияқты ойлайды. Әрине, бұл балапан», - деді.

Бірақ досы онымен келіспеді. «Мен саған бұның бүркіт екенін көрсетемін», - деді ол.

Фермердің балалары досына құсты ұстап алуға көмектесті. Бұл қиынға түсіп еді, бірақ фермердің досы оны көтеріп: «Сен балапан емессің, сен бүркітсің. Сен жер құсы емес, аспан құсысың. Ұш, бүркіт, ұш», - деді.

Құс қанатын жайып, айналасына қарап, шоқып жатқан балапандарды көріп, секіріп кетіп, олармен бірге шоқи жөнелді.

«Мен айттым ғой саған, бұл балапан деп», - деді де, фермер күліп жіберді.



Келесі күні, таң атпай, фермердің иттері үре бастады. Қараңғыда сырттан бір дауыс естілді. Фермер есікке қарай жүгіріп шықты. Бұл тағы оның досы еді. «Маған тағы бір мүмкіндік берші», - деп өтінді ол.

«Сен уақыттың қанша екенін білесің бе? Таң атқанға дейін әлі ерте».

«Менімен жүрші. Өзіңмен бірге құсты да ала жүр».

Фермер еріксіз балапандардың арасында ұйықтап жатқан құсты әкелді. Екі ер адам жолға шықты да, қараңғыда көрінбей кетті.

«Біз қайда бара жатырмыз?», – деп сұрады ұйқылы-ояу фермер.

«Сен құсты тапқан тауға».

«Ендеше неге осындай қолайсыз түнгі уақытта бара жатырмыз?»

«Бүркіт таудың ар жағынан атып келе жатқан күнді көріп, оның артынан өзінің мекені аспанға еру үшін», - деді.

Олар алқапқа қарай жүріп, өзеннен өтті, досы жолды көрсетіп келе жатты. «Жылдам, әйтпесе біз барғанша таң атып кетеді», - деді ол.

Олар тауға шыға бастаған кезде алғашқы күн сәулесі де аспанда көрінді. Аспандағы жіңішке бұлттар алдымен қызғылтым болды, содан кейін алтындай жарқырай бастады. Кейде тау соқпақтары қауіпті болады, жартастың тар қайраңынан өтіп, қараңғы саңылаулар арқылы сыртқа қарай әкетіп барады. Ақыры: «Жеткілікті», - деді. Ол төмендегі құзға қарап, мыңдаған километр қашықтықта жатқан жерді көрді. Олар шыңға таяу келген еді.

Досы абайлап құсты дөнес жерге әкелді. Шығысқа қаратып қойып қойды да, онымен сөйлесе бастады. Фермер сықылықтап күлді. Ол тек балапанша сөйлей алады.

Бірақ досы құсқа күн туралы, оның әлемге тіршілік беретіні және әрбір жаңа күні жарқырап, аспанда әмірлік ететіні туралы әңгімелей отырып, тоқтамады. «Бүркіт, күнге қарашы. Таң атқанда, сен де онымен бірге ататын бол. Сен жер құсы емес, аспан құсысың. Осы сәтте алғашқы күн сәулелері таудың ар жағынан атып, кенеттен әлем күн сәулесінен лаулай бастап, Ұлы күн шықты. Үп-үлкен құс күнді қошаметтеу үшін және қанатымен оның жылулығын сезіну үшін қанатын жайды. Фермер қозғалмады. Оның досы: «Сен жер құсы емес, аспан құсысың. Ұш, бүркіт, ұш!», - деді. Ол фермерге қарай жорғалап кетті. Тым-тырыс. Бүркіт басын созып, қанатын жайды, тырнақтарымен жартасқа ұстанып тұрып, аяқтары алға қарай иілді.

Содан соң, қандай да бір қозғалыссыз, кез-келген адам немесе құстан да қаттырақ көтеріліп келе жатқан желді сезініп, ұлы бүркіт алға қарай еңкейді де, биіктен биікке көтеріле берді, ол атып келе жатқан күннің жарқылында көрінбей кетті және балапандармен ешқашан бірге болған жоқ.



«Ұш, бүркіт, ұш» мәтіні бойынша сұрақтар.

1. Әңгіменің басында фермер кімді іздеуге кетіп еді?

- A) бұзауды
- B) бақташыларды
- C) жартасты шатқалдарды
- D) бүркіттің балапанын

2. Фермер бүркіттің балапанын қайдан тауып алды?

- A) ұядан
- B) өзен арнасынан
- C) жартастың дөңес жерінен
- D) қамыстың арасынан

3. Әңгіменің қай жерінен, фермер бүркіттің балапанына қамқор болғанын көруге болады?

- A) Ол бүркіттің балапанын екі қолымен ұстап келе жатты
- B) Ол балапанды өз отбасына әкелді
- C) Ол балапанды қайта ұясына салып қойды
- D) Ол балапан үшін өзен арнасын іздеді

4. Фермер бүркіттің балапанын үйге әкелген кезде не істеді?

- A) ұшуға үйретті
- B) босатып жіберді
- C) балапан болуға үйретті
- D) оған жаңа ұя жасап берді

5. Досы алғаш рет келгенде, бүркіттің балапаны тауықтың балапаны сияқты жүрді. Осыны көрсететін екі мысал келтіріңіз.

- 1. _____
- 2. _____

6. Фермердің досы бүркітті көрген кезде, оны қалай ұшыруға тырысты?

- A) жоғары көтерді
- B) жерге қойып қойды
- C) ауаға лақтырып жіберді
- D) оны тауға әкелді

7. Фермердің досы «Бүркіт жер құсы емес, аспан құсы» деп нені айтқысы келгенін түсіндіріңіз.

8. Неліктен досы алғаш рет келгенде фермер күліп жіберді?

- A) бүркіт ұшатындай тым ауыр болды
- B) бүркітті ұстау қиынға түсті
- C) бүркіт басқа балапандардан өзгеше болды
- D) бүркіт оның сөзінің дұрыстығын дәлелдеді

9. Неліктен фермердің досы бүркітті ұшыру үшін биік тауларға апарды? 2 себебін көрсетіңіз.

10. Таң сәріде аспанның сұлулығы қандай болғанын сипаттайтын сөздерді табыңыз және көшіріп алыңыз.

11. Неліктен әңгімедегі атып келе жатқан күн соншалықты маңызды?

- A) ол бүркіттің ұшу түйсігін оятты
- B) ол аспанда патшалық ететін еді
- C) ол бүркіттің қанаттарын жылытты
- D) ол сәулесімен таудағы жолдарға жарық түсірді

12. Фермердің досының іс-әрекетінен қандай адам екенін байқадыңыз. Досына сипаттама беріп, қандай іс-қимылдарынан сондай болып көрінгеніне мысал келтіріңіз.

Тапсырма 8.

Дұшпанға арналған бәліш Әдеби мәтін

Менің ең жақсы досым Арман тұратын, оң жақтағы көршілес есікке Бекзат келмей тұрғанда, жаз мезгілі тамаша болып көрінген.

Маған Бекзат ұнамайтын. Ол сауық кешін өткізген кезде, мені шақырған да жоқ. Бірақ Арманды шақырыпты.

Бекзатты кездестіргенше, менің ешқашан дұшпаным болған емес. Әкем маған дәл менің жасымда оның да дұшпаны болғандығын айтты. Бірақ ол олардан құтылу амалын білетін.

Әкем аспаздыққа үйрететін кітапшадан тозығы жеткен бір жапырақ қағаз алып шықты.

«Дұшпанға арналған бәліш», - деп, ризалықпен айтты ол.



Мүмкін сіз, бәліш құрамына не кіретінін білген соң таң қаларсыз.

Рецепттің құпиялығы соншалықты, әкем маған ештеңе де айтпады. Мен одан ең болмағанда бір нәрсе айтуын өтіндім.

«Менің саған айтарым, Асқар, Дұшпанға арналған бұл бәліш дұшпаннан құтылудың ең оңай тәсілі», - деді әкем.

Мен бұған ойланып қалдым. Мен бұл Бәлішке қандай жағымсыз нәрселер салмақпын? Мен әкеме құрттар мен жұмыр тастар әкеліп бердім, бірақ ол барлығын қайтарып берді.

Мен далаға шығып кеттім. Далада ойнап жүргенде, әкемнің ас үйде бірдеңе істеп жүргенін естідім. Енді бұл мен үшін ең тамаша жаз мезгілі болатындай көрінді.

Мен Дұшпанға арналған бәліштен қаншалықты жаман иістің мұңкіп тұратынын елестетіп көрдім. Бірақ дәл осы кезде, шынымен тамаша иісті сездім. Меніңше, бұл иіс ас үйден мұңкіп тұрған сияқты. Мен қатты таңданып қалдым.

Мен әкемнен не болғанын сұрайын деп үйге кірдім. Дұшпанға арналған бәліштен мұндай тамаша иіс шығуы мүмкін емес. Бірақ әкем тапқыр екен: «Егер одан жаман иіс мұңкіп тұрса, сенің дұшпаның оны ешқашан жемейді», - деді. Ол дәл осындай бәлішті бұрын да жасаған еді.



Пісетін уақыт келгендіктен, нан пісіретін пеш белгі берді. Әкем бәлішті алу үшін қолғапты киді.

Бәліш дәмді болып көрінді. Мен түсіне бастадым.

Алайда, айламыздың іске жарайтынына сенімді болмадым. Оны жеген дұшпаныма не болады?

Бәлкім, одан дұшпанның шаштары түсіп қалар немесе демі жағымсыз болар. Мен әкемнен сұрап едім, ештеңе айтпады.

Бәліш суығанша, әкем не істеу керектігін айтты.

Ол: «Бұл айламыз іске асу үшін, бір күнінжі дұшпаныңмен өткізуің керек. Ең жаманы, сен онымен сыпайы болуың керек. Бұл оңай емес. Бірақ бұл, дұшпанға арналған бәлішті қолданатын жалғыз тәсіл. Мұны істегің келетініне сенімдісің бе?», - деп сыбырлады.

Әрине, мен сенімді болған едім.

Бар істейтінім, бір күнімді Бекзатпен өткізуім керек, содан соң ол менің өмірімнен ғайып болады. Мен велосипедпен оның үйіне келіп, есікті қақтым.

Бекзат есікті ашқан кезде, таңданғандай болды.

«Далаға шығып ойнайсың ба?», - деп сұрадым мен.

Ол сасқалақтап қалған сияқты болды. «Мен барып анамнан сұранып келейін», - деді Бекзат. Қолына бәтеңкесін ұстап қайтып келді.

Біз біраз велосипед теуіп, тамақтандық. Түскі астан кейін менің үйіме бардық.

Мүмкін ақылға қонбайтын шығар, бірақ маған дұшпаныммен бірге көңілді болды. Мен мұны әкеме айта алмадым, себебі ол бәлішті пісіру үшін соншалықты тырысқан еді. Әкем бізді түскі асқа шақырғанға дейін ойнадық.

Әкем менің сүйікті тағамымды дайындапты. Бекзатта оны жақсы көреді екен. Бәлкім, Бекзат соншалықты жаман емес те шығар. Мүмкін дұшпанға арналған бәліш туралы ұмытқан дұрыс шығар, деп ойлай бастадым.


«Әке, жаңа досқа ие болған сондай жақсы», - дедім мен. Мен Бекзатпен дос болып кеткенімді айтқым келді. Бірақ әкем тек жымып, басын изеді. Меніңше, ол мені өтірік айтып тұр деп ойлап қалған сияқты.

Бірақ түскі астан кейін әкем бәлішті алып шықты. Ол 3 тәрелке қойып, біреуін маған, біреуін Бекзатқа берді.

Бекзат бәлішті көргенде: «Алақай!», - деп айқайлап жіберді.

Мен толқып кеттім. Бекзат тың дұшпанға арналған бәлішті жегенін қалаған жоқ едім.

Ол менің досым! «Жеме! Бәліш дәмді емес», - деп айқайлап жібердім.



Бекзат шанышқысын аузына апара жатып тоқтап қалды. Ол жымыды. Менің бойым жеңілдегендей болды. Мен оның өмірін сақтап қалдым.

«Егер ол сондай нашар болса, онда неліктен сенің әкең оның жартысын жеп қойды?», - деп сұрады Бекзат.

Әкем дұшпанға арналған бәлішті ештеңе болмағандай сенімді жеп отырды.

«Жақсы нәрсе екен», - деп әкем күбірледі. Мен олардың бәліш жегенін бақылап отырдым. Ешқайсысының шашының бір талшығы да түскен жоқ. Бәліш мені бұрынғыдай қорқытпаған еді, сондықтан кішкентай үзігін алдым. Ол өте дәмді болып көрінді.

Тәтті тағамнан кейін Бекзат мені келесі күні үйіне шақырды. Дұшпанға арналған бәліш жайлы айтатын болсақ, мен оны қалай дайындау керектігін әлі де білмеймін. Шынымен, дұшпандар осы бәлішті жек көре ме, олардың шаштары түсіп, демі жағымсыз бола ма, ол жағы маған жұмбақ болып қалды. Мен, бұл сұраққа әйтеуір бір күні жауап бере аламын ба, жауап бере алмаймын ба, білмеймін, себебі мен жаңа ғана ең жақсы дұшпанымды жоғалтып алдым.

«Дұшпанға арналған бәліш» мәтіні бойынша сұрақ

1. Әңгіме кімнің атынан айтылды?

- А) Бекзат
- Б) Әкесі
- В) Арман
- Г) Асқар

2. Неліктен әңгіменің басында Бекзатты дұшпаным деп санады?

3. Оның ойынша, Дұшпанға арналған бәліштің құрамына кіруі мүмкін бір қоспаны жазыңыз?

4. Келесі сұрақ жауабын бәліштің үзіндісі бейнеленген суреттің жанындағы мәтіннен табыңыз: Неліктен Арманның ойынша, осыдан кейін жаз мезгілі тамаша болмақ?

- А) Ол далада ойнағанды жақсы көретін.
- Б) Ол әкесінің жоспарынан толқып отырды.
- В) Ол жаңа досқа ие болды.
- Г) Ол Дұшпанға арналған бәліштен дәм татқысы келді.

5. Асқар Дұшпанға арналған бәліштің иісін алғаш рет сезгенде, өзін қалай сезінді? Неліктен екенін түсіндіріңіз.

6. Асқардың ойынша, оның жауы Дұшпанға арналған бәлішті жесе не болар еді? Бір оқиғаны жазыңыз.

7. Дұшпанға арналған бәліш іске жарау үшін Асқардың әкесі оған қандай екі жайт туралы айтты?

8. Неліктен Асқар Бекзаттың үйіне барды?

- A) Бекзатты кешкі асқа шақыру үшін.
- B) Бекзатқа Арманды жайына қалдыру өтінішімен.
- C) Бекзатты ойнауға шақыруға.
- D) Бекзатқа дос болу өтінішімен.

9. Бекзатпен өткізген күн ішінде Асқарды не таң қалдырды?

10. Неліктен түскі ас кезінде Асқар өзіне және әкесіне Дұшпанға арналған бәліш туралы ұмытқан жөн деп ойлады?

- A) Асқар Бекзатпен тәтті тағамды бөліскісі келген жоқ.
- B) Асқар дұшпанға арналған бәліш іске жарайды деп ойлаған жоқ.
- C) Бекзат Асқарға жақсы бала болып көрінді.
- D) Асқар дұшпанға арналған бәлішті құпияда сақтағысы келді.

11. Әкесі Бекзатқа Дұшпанға арналған бәліштің бөлігін кесіп беріп жатқанда, Асқар өзін қалай сезінді?

- A) абыржыды
- B) рақаттанды
- C) таңданды
- D) есінен жаңылды

12. Дұшпанға арналған бәліш туралы әкесінің қандай құпиясы болды?

- A) бұл әдеттегідей бәліш болды.
- B) оның дәмі жаман болды.
- C) бұл оның сүйікті тағамы болды.
- D) бұл улы бәліш болды.

13. Әңгіменің соңындағы мына сөйлемді қарандар:
«Тәтті тағамнан кейін Бекзат мені келесі күнге үйіне шақырды». Ұлдар туралы қандай болжам айтуға болады?

- A) Олар әлі де бір-бірі үшін жау.
- B) Олар Асқардың үйінде ойнағысы келмейді.
- C) Олар тағы Жауға арналған бөліштен дәм татқысы келеді.
- D) Олар келешекте достасып кетуі мүмкін.

14. Асқардың әкесі шынымен Дұшпанға арналған бөлішті не себепті пісіргенін түсіндіру үшін, оқылған мәтін үзіндісін пайдаланыңдар.

15. Асқардың әкесі қандай адам? Мысал келтіріңдер.

16. Сен осы әңгімеден өзің үшін қандай қорытынды шығардың?

Тапсырма 9.

Қоян жер сілкінісі туралы ескертті Әдеби мәтін

Бір нәрсеге әрдайым уайымдап жүретін қоян болыпты. «О құдайым! Мен байғұспын! Мен байғұспын!»- деп күні бойы мыңғырлап жүрді. Баринен де ол жер сілкінісінен қатты қорқатын. «Егер жер сілкінсе маған не болады?»-деп өз-өзіне сөйлеп қояды.


Бір күні таңертен кенеттен ағаштан үлкен алманың ГҮРС! етіп түсіп бүкіл жерді дірілдеткені оны қатты шошытып жіберді.

Қоян орнынан секіріп түсті.

«Жер сілкінісі»-деп айқай салды. Ол өзінің туыстарына ескерту үшін егістіктен жүгіріп өтті.

«Жер сілкінісі! Қашыңдар! Қашыңдар!»

Барлық қояндар егістік пен жайылымдарын тастап ессіздерше оның артынан жүгіре берді. Жолда кездескен барлық туыстары жер сілкінісін ести




салып тегіс дала, ормандар, өзендер мен белестер арқылы зымырай жөнелді.

«Жер сілкінісі! Қашыңдар! Қашыңдар!»

Бұл қояндар да өзендер мен жазықтықтарды, белестер мен ормандарды тастап ессіздерше жүгіре берді.

Олар тауға жеткен кезде, он мың қоян аяқтарының дүрсілі, ашық аспан астында күн күркірегендей дыбыс берді.

Олар ең биік шыңға да жетті. Бірінші қоян, жер сілкінісі жақындап қалды ма екен деп артқа қарағанда, ол тек жүгіріп келе жатқан үлкен қояндардың тобырын көрді. Сосын ол алдыға қарағанда, тек таулар, алқаптар, тағы да таулар және өте алыстан жалтылдаған көк теңізді көрді.




Ол сол жерде әрең демалып тұрғанда, қайдан екені белгісіз арыстан шықты.

- Мұнда не болып жатыр? – деп сұрады арыстан
- Жер сілкінісі, жер сілкінісі! – деді барлық қояндар
- Жер сілкінісі? – деп арыстан таң қалды. – Оны кім көріпті? Кім естіпті?
- Анадан сұра, анадан сұра! – деп барлық қояндар бірінші қоянды көрсетіп шуылдап кетті.

Арыстан қоянға қарай бұрылды.

- Кешіріңіз, мырза, - деді қоян именіп. – Мен уйде жай отырғанмын, қатты гүрсіл естілгенде жер дірілдеп кетті, мен оны жер сілкінісі шығар



деп түсіндім. Мен басқаларға ескерту үшін барынша қатты жүгірдім, олар қашып үлгерді.

Арыстан қоянға ақылды көздерімен қарады.

- Тыңдашы, бауырым сенің маған сол қиын жағдайдың қай жерде

болғанын корсетуге батылдығың жетеді ме?

Шындығына келгенде қоян ондай батыл емес еді, бірақ ол арыстанға сенуге болатындығын сезді. Ол арыстанды уйіне жеткенге дейін тау бөктерлері мен белестерден, өзендерден, жазықтықтардан, ормандар мен егістіктерден алып төмен түсті.

- Міне осы жерден мен жер сілкінісін естідім.

Арыстан назар салып жан-жағына қарады да, сондай дыбыспен құлаған үлкен алманы көрді.

Ол алманы алды да, жартасқа шығып оны жерге тастады
ГҮРС!

Қоян орнынан секіріп түсті: «Жер сілкінісі! Қашыңдар тез! Ол тағы да сілкінді!»

Бір кезде ол арыстанның күлгенін көрді. Сосын аяғының астында жатқан алманы байқады.

- Ой, бұл жер сілкінісі емес кой. Ия? -деп сыбырлады ол.

- Жок, бұл жер сілкінісе емес, саған қорқудың қажеті жоқ. –деді арыстан

- Мен қандай ақымақ болғанмын!

Арыстан мейірлене күліп: «Уайымдама! Бәріміз, тіпті мен де, кейде өзіміз түсінбейтін нәрселерден қорқамыз.»

Сосын ол, таудың шыңында күтіп отырған он мың қояндарға, ештеңеден қорықпай үйлеріне қайта беруге болатындығын айту үшін артқа қайтып кетті.



«Қоян жер сілкінісі туралы ескертті» мәтіні бойынша сұрақтар

1. Қоян неден қатты қорқатын?

- A) арыстаннан
- B) гүрсілден
- C) жер сілкінісінен
- D) құлап жатқан алмадан

2. Бүкіл жердің дірілдеуіне не себеп болды?

- A) жер сілкінісі
- B) үлкен алма
- C) қашып құтылған қояндар
- D) құлап жатқан ағаш

3. Қоянның «Жер сілкінісі» деген айқайынан кейін жағдай өте тез белең алды. Мәтіннен осыны растайтын екі сөйлем жазыңыз

1 _____

2 _____

4. Арыстан, қоянға оны қайда алып баруын өтінді?

5. Арыстан алманы не үшін жерге тастады?

- A) қоян қашып кету үшін
- B) қоянға алманы алуға көмектесу үшін
- C) не болғанын қоянға көрсету үшін
- D) қоянды күлдіру үшін

6. Арыстан алманы жерге тастаған соң, қоян өзін қалай сезінді?

- A) ашулы
- B) ренішті
- C) ақымақ
- D) мазасыз

7. Ертегінің соңында арыстан қандай екі сөзбен қоянның көңілін көтергенін жазыңыз.

1 _____
2 _____

8. Сіз қалай ойлайсыз, қоян арыстанға ұнады ма? Бұл жайында ертегіде не айтылған?

1 _____

9. Ертегінің басынан соңына дейін қоянның сезімдері қалай өзгеріп отырды?

Ертегінің басында қоян

сезінді, өйткені

Ертегінің соңында қоян

сезінді, өйткені

10. Ертегіде көрсетілген іс-әрекеттерден сен қоян мен арыстан туралы білдің. Арыстанның іс-әрекеті қоянның іс-әрекетінен қандай айырмашылықтары бар екенін суретте. Екеуінің әрқайсысына соны дәлелдейтін мысалдар келтір.

11. Ертегінің басты ойы қандай?

A бақытсыздықтан қаш

B айқайламас бұрын, нақтылап біліп ал

C тіпті жақсы көрінген арыстандарға да сенуге болмайды

D қояндар – жылдам жануар

Тапсырма 10.


Тұпиктердің түндері Әдеби мәтін

Әр жылы қызғылт сары тұмсықтары бар ақ-қара құстар исландық Хеймаэй аралына ұшып келеді. Бұл құстар «тұпиктер» деп аталады. Ашық тұмсықтары мен епсіз қимылдары үшін оларды «теңіз клоундары» деп те атайды. Тупиктердің толық денелері және қысқа қанаттарына байланысты ұшып көтерілу мен қонуы қиын.



Анар Хеймаэй аралында тұрады. Ол күнде аспанға қарайды. Осы жылғы бірінші тупикті көру үшін ол биік жартас үстінде тұрып, теңізе көз салады.

Ол исланд тілінде «тұпик» мағынасын беретін «ланди» сөзін сыбырлайды.



Тупиктер көп ұзамай олар бүкіл аспанда көрінеді – барлық жерде тұпиктер, тұпиктер пайда болады. Олар қыстақтан теңізге, Анардың аралына және жақын елсіз аралдарға балапан басып шығару үшін қайта оралады. «Теңіз клоундары» жыл сайын бір ұяға қайтып келеді. Бұл олардың жағалауға шығатын бірғана уақыттары.

Анар және оның достары жартастардың үстеріне шығып, құстарды бақылайды. Олар, тупик жұптарының тұмсықтарымен тук, тук, тук деп бір-бірін тоқылдатқанын көреді. Әрбір жұп ұзамай жартастарға терең жасырған жұмыртқаларын қорғайды. Жұмыртқалардан балапандар шыққанда ата-аналары оларға балық әкеліп беретін болады. Әрбір балапан кейіннен жас тупике айналады. Тупиктердің түні, әрбір жас тупик өзінің бірінші ұшуына шыққанда болады. Тупиктердің түндеріне бірнеше апта қалғанымен, Анар көбірек картон қораптарын дайындауды ойланып жүр.

Жаз бойы үлкен тупиктер балық аулайды және өздерінің балапандарына қамқор болып жүреді жүреді. Тамыз айында жартастарды гүлдер жабады. Анар гүлдер гүлдегенде, күткен уақытының аяқталғанын түсінеді.

Жасырған балапандар өсіп, үлкен тупиктерге айналды. Анар мен оның достарына өздерінің қораптары мен қалта шамдарын алып шығуға уақыт келді. Бүгінгі кештен бастап және екі апта бойы тупиктер теңізде қыстық қайтуларына дайындалады.



Түн пердесін жамылғанда тупиктер өздерінің ұяларын тастап, бірінші ұшуларына шығады. Бұл биік жартастардан қысқа ұшу. Көп құстар төмендегі теңіз бетіне сәтті қонады. Бірақ құстардың бір жартысын ауылдың жарығы алдайды. Мүмкін олар, бұл айдың су сәулесінің шағылуы деп ойлайды. Сондықтан, әрбір түні жүздеген тупиктер ауылға қонады. Олар тегіс жер бетінен ұшып кете алмай, жүгіріп, жасырынуға тырысады.

Әрбір түні Анар және оның достары суға түспей қалған балапандарды іздейді. Бірақ, оларды ауылдағы мысықтар мен иттерде іздейді. Егер, мысықтар мен иттер оларды ұстап алмаса, балпандар машиналардың астына түсуі де мүмкін. Балалар адасқан балапандарды бірінші болып табу керек. Кешкі саған 10-нан кейін Хеймаэй көшелері балалармен толады.

Алла және оның достары тупиктерді құтқарудан жарысады. Олар қалта шамдарымен ауылды аралап жүріп, қараңғы жерлерге жарық түсіреді. Анар тупикті табады. Содан кейін ол оның артынан қуып, ұстап алғаннан кейін оны жай картон қорабына салады.

Екі апта бойы Хеймаэй аралының балалары түнде ұйықтамау үшін таңертең ұзақ ұйықтайды. Олар мыңдаған тупиктерді құтқарады.

Әрбір түні Анар және оның достары құтқарған тупиктерді үйлеріне әкеледі. Келесі күні Анар және оның достары тупиктерге толы қораптарымен жағалауға барады.

Тупиктерді босататын уақыты келді. Алла біреуін жібереді. Ол тупикті қанатын қаға алатындай етіп ұстайды. Содан кейін ол оны ақырын қолында ұстап, ауада тербетеді де толқынның жағаға шығу сызығы бағытымен суға жібереді. Тупик аздап ұшып, суға сәтті қонады.



Сонымен күн сайын тупиктердің түндері аяқталмағанша Анардың құстары теңізге жүзіп кетеді. Анар соңғы жас және ересек тупиктері теңізге қыстауға ұшып кеткеніне бақылап, келесі көктемге дейін олармен қоштасады. Ол оларға сәтті сапар тілеп, «Сау болыңыздар! Сау болыңыздар!» деп айқайлайды.

«Түпиктердің түндері» мәтіні бойынша сұрақтар

1. Неге түпиктерге ұшып көтерілі және қону қиын?

- A) Олар мұзда тұрады.
- B) Олар жағалауға өте сирек шығады
- C) Олар биік жартаста өмір сүреді
- D) Олардың денелері толық және қанаттары қысқа

2. Түпиктер қайда қыстайды?

- A) жартастардың арасында
- B) жағалауда
- C) теңізде
- D) мұзда

3. Не себепті түпиктер аралға ұшып келеді?

- A) аман қалуға
- B) тамақ табуға
- C) жұмыртқалауға
- D) ұшып үйренге

4. Алла түпиктердің көп ұзамай ұшатынан қалай біледі?

- A) Ата-аналары түпиктерге балық алып келеді
- B) Гүлдер гүлдейді
- C) Жасырынған балапандар
- D) Жаз енді басталды

5. Түпиктер түнінде не болады?

- A. түпик жұптары тұмсықтарымен тук, тук, тук деп бір-бірін тоқылдатады
- B. түпиктер өздерінің бірінші ұшуларына шығады
- C. жұмыртқалардан балапандар шығады
- D. түпиктер теңізден жағалауға шығады

6. Тупиктер қателесіп ауылға қонбас үшін, ауыл тұрғындары не істей алатын еді?

- A) шамдарды өшіру
- B) қорабтарды дайындау
- C) мысықтар мен иттерді үйге қамау
- D) өз қалта шамдарын аспанға қаратып жағу

7-8 сұрақтарда Анардың тупиктерді қалай құтқаратынын түсіндіріп беруді сұрайды.

7. Анар тупиктерді құтқаруда өзінің қол шамын қалай қолданатынын түсіндір.

8. Анар тупиктерді құтқаруда картон қорабтарын қалай қолданатынын түсіндір.

9. Мақалада тупиктерді күтіп тұрған қандай қауіптер көрсетіледі?

